



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 150 ЖЫЛ



«**Жұрт жұмысын істеу - біздің қазақ балаларының әдетінде жоқ: ойынымыз - көп, әрекетіміз - аз. Білімді болуға - оқу, бай болуға - кәсіп, күшті болуға - бірлік керек.**».

ТІЛСІЗ ЖАУ

ОРМАН ӨРТІ: БІЗ ОДАН САБАҚ АЛДЫҚ ПА?

Өрт – тілсіз жау. Сол тілсіз жаумен арпалысқа да бір аптаға ауды. Айтып келмейтін апат Қостанай облысындағы 45 мың гектар орман алқабын күлге айналдырды. Бұл осы өңірдегі орман шаруашылығының жартысына жуығы отқа оранды деген сөз.

Тілсіз жау 2 қыркүйек күні Қазанбасы ауылынан 20 шақырымдай шалғай жатқан орманды алқаптан тұтанған болатын. Жынды жел одан бетер құтыртып, аптап ыстық жалынын күшейтіп, өрт әп-сәтте сол мандағы бір емес, бірнеше ауылды «жұта бастады». Озерное ауылынан — 250 адам, Аманқарағай ауылынан — 1000 адам, Калининодан — 228 адам, Лесноеден — 363 тұрғын қауіпсіз жерге көшірілген. Төтенше жағдайлар министрлігінің өкілдігі өршеленген өртті басуға 36 градустан жоғары аптап пен «жығылғанға жұдырық» болған өкпек желдің орасан кесірін тигізіп жатқанын өкінішпен жеткізді.

Төтенше жағдайлар министрлігінің Қостанай облысында құрған жедел штабының мәліметіне сүйенсек, Басаман және Семиозер орман шаруашылықтарында алдымен



жалмаған өрт 43 мың гектар жерді жайпап кетті. Жедел штаб 6 қыркүйекте елді мекендерде өрт қатері сейілді деп мәлімдеді. Бірнеше күн бойы қызыл тілін сұмандатып, дес бермеген жалын Аманқарағай ауылындағы 85 тұрғын үйді, Озерный ауылындағы 6 үйді отқа орады. Өрт сөндіру ісі қолға алынғалы тікұшақтар қою түтін мен ыстың үстінде 137 мәрте су шашу операциясын жүзеге асырған.

(Жалғасы 3-бетте)

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

ЖЫРАҚТА ЖҮРСЕМ ДЕ, ЖҮРЕГІМ – ЕЛДЕ

«Білуімше, Қазақстанда жақсы жұмыс табу қиын. Аустралия жастарының барлығы деп айта алмаймын, бірақ басым бөлігі университетте білім алғысы келмейді. Ол қазір көдімгідей проблема. Өйткені ауыр жұмыс істейтіндер жақсы жалақы алады. Қандай жұмыс істесең де тиісті ақыңды аласың. Қазақстанда ауыр жұмысты істетіп алып төлемейтін кездер болып жатады. Еңбек қай кезде де бағалануы керек. Базарда арба сүйреп жүрген жігіттерді көргенде жүрегім ауырады. Неге өндіріс орындарын көптеп ашып, жұмыссыз адамдарды еңбекпен қамтамасыз етпейді екен деп!»



(Бұл туралы 6-беттен оқи аласыз)

БІЗДІҢ СҰХБАТ

Дүниежүзіне танымал биік таудағы «Медеу» спорт кешенінің құрылысы салынып, пайдалануға берілгеніне биыл, 28 желтоқсанда жарты ғасыр уақыт толады екен. Дулат Жәрдемұлы Кейкин – «Медеу» спорт кешенінде 1981 жылдың қазан айынан тоңазыту қызметінің бастығы, кейінгі 18 жыл кешеннің бас инженері болып қызмет істеген кәсіби маман. Ол – еліміздің туризм және спорт министрлігінің тапсыруымен 2007-2009 жылдары Алматы аумағында шаңғы трамплині мен олимпиадалық базаның құрылысын салуға да атсалысқан тұлғалы азамат. «Медеу: взгляд изнутри» кітабының авторы. Зейнет демалысына шығар алдында «Медеу» спорт кешенінің халықаралық Қысқы универсиадалық ойындарға (2017 ж.) байланысты бас менеджері қызметін атқарды. Мұз айдынының елу жылдық мерейтойы қарсаңында атақты спорт кешенінің байырғы бас инженерін әңгімеге тарттық.

«МЕДЕУ» КЕШЕНІНІҢ ДАҢҚЫН ҚАЛАЙ ҚАЙТАРАМЫЗ?



— Дулат Жәрдемұлы, кешегі «Медеу» биік таудағы атағы дүрілдеген бірегей спорт кешені ғана емес, конькишілер ортасында нағыз әлемдік рекорд жасаушылар ұстаханасы еді. Қазақстанның бренді саналды. Сонын бәрінің бір мезетте ұмытылуына не себеп? Әлемдік спорт додасында ойып тұрып алған өз орны бар Тәуелсіз Қазақстанға сондай даңқты спорттық мұз алаңы неге керексіз болып қалды?

— Керексіз болып қалған жоқ, әрине... Аты мен заты әлемдік мәнге ие мұндай спорт кешенінің «көзден кеткенімен, көңілден кетуі» екіталай. Әлемнің кез келген конькиші-спортшысы «Медеудің» атын ұмытпақ емес. Мәселе қоғамдық ортада, яғни Қазақстанның өз ішінде бұл кешенге көңіл аудару мәселесі белгілі бір уақыт аралығында тежелді, белгілі бір мерзімде назардан тыс қалды. Оның үлкен спорттық арена, «рекордшылар ұстаханасы» екені ұмытылды...

— «Медеу» спорт кешенінің басына қонған бақытынан айырылып, мұндай күйге түсуіне басты себеп не, соны айтыңызшы?

— Басты себеп дейсіз бе?! Осы арада, ең алдымен, мына бір жайтты еске сала кеткеннің де айыбы жоқ деп ойлаймын. Мәселен, өткен ғасырдың 70-80-ші жылдары біздің биік таудағы «Медеу» спорттық мұз айдыны дәрежесі жағынан әлемдегі Лейк-Плейсид (АҚШ), Калгари (Канада) спорт алаңдарымен бір қатарда тұрып, таңдаулы үштікке кірді. Кейін алдыңғы екі мұз айдынының да төбе-шатыры жабылып, қызмет көрсету аясын құбылтқанда, ашық аспан астында қалған «Медеу» кешені даңқты тұғырынан түсті. Жай саябақтық демалатын мұз айдынына айнала бастады. Енді аумақты кешеннің болашақ күнкөрісі үшін нарық талабына сай бірегей мұз айдынын жалға беруге тура келді: спортшылардың орнына айдыңға артистер шықты. Бірнеше жыл қатарынан өткен «Азия дауысы» «Медеудің» минерал қоспасы жоқ, тау суынан қатырылған шыныдай таза мөлдір мұзын мылжалап, тоң қатыратын мұздатқыш бетон қабаттарын «тоздырып» жіберді. Сол кездегі кешеннің бас инженері ретінде бұл әрекетке бірінші күннен бастап қарсы шықтым. Өйткені аландағы мұз қатыратын бетонның астындағы ұзындығы 170 шақырымға созылып жатқан мұздатқыш сұйық ағатын қан тамырларындай нәзік құбырлар желісі өте ауыр жүк көліктерінің салмағын көтере алмай, менің көз алдымда бырт-бырт үзіліп жатты. Ұзындығы Алматыдан Қордайға жететіндей қашықтықтағы ондай ерекше құбырды ол кезде қайта қалпына келтіру де бір-екі күндік іс емес, әрине. Сол тұста «фреон-18», кейін «фреон-22» сұйықтарын тапсақ қана пайдаланатынбыз! Қазір олардың екеуі де халықаралық стандарттарға сәйкес, озон ойықтарына тікелей себепші болатындықтан пайдаланудан аластатылған. Содан не керек... кешен басшылығының дәлелді уәждеріне құлақ қоймаған қала әкімшілігі бірегей кешенді спорттық емес, мәдени шаралар үшін пайдаланудан жаластыра берді. Қысқасы, артистер шаршап, әкімдер ауысып «Медеудің» басынан «кику» кеткенде барып, мұз айдынындағы тоңазыту жүйесін қайта жаңғыртуға болар-болмас тапшыныстар жасалды. Айтпақшы, «Азия дауысының» кешен үшін жасаған бір «жақсылығын» айтуды ұмытып бара жатыр екенмін.

(Жалғасы 5-бетте)



БИРЖАМЕТР

МҮНАЙ (brent)
91,19

DOLLAR
478

EURO
473

РУБЛЬ
7,3

БИЛІК

Күз келсе де елдің барлық дерлік өңірінде күн жылы, тіпті кей жерде аптап ыстық тапжылмай тұрып алды. Бірақ ауа райының алдамшы екені белгілі. Ертең-ақ солтүстікте қар жауып, шығыста үсірік жүріп, батыста боран соғып, оңтүстікте топырақ беті тоңазуы мүмкін. Сондықтан «Өлеңші, әнші есіл ер. Селкілде, бией бердің» керін келтірмей, отындай сайлап, етең-жеңді жинап отыру – міндет. Бұл сөз ең әуелі жылу маусымына дайын болмай шығатын құзырлы мекемелерге қатысты.

тонна мазутты кұрайды. Бүгінгі таңда 1 млн тонна көмір (81%) және 14 мың тонна мазут (88%) дайындалды. Көмір сатып алуын төмен көрсеткіші Алматы, Павлодар және Қарағанды облыстарында байқалса, ал мазут отынын сатып алудын төмен деңгейі Ақмола, Ақтөбе облыстарында байқалып отыр. Жергілікті атқарушы органдар автономды қазандықтар үшін отынды уақытылы сатып алу және жеткізу жөнінде шұғыл шаралар қабылдауы қажет», — делі Қ.Өскенбаев.

Оған қоса, министрлік апта сайын халықты және коммуналдық-тұрмыстық секторды көмірмен қамтамасыз ету бойынша мониторинг жүргізіп жатқан көрінеді. «Көмір өндіруші компаниялардың

«Электр стансаларында отын жинақтау жалғасып жатыр. Энергия көздері қоймаларындағы көмір қоры – 3,9 млн тонна, мазут – 83 мың тонна. Бұл жалпы бекітілген нормаларға сәйкес келеді. Ал 5 сансада көмірдің нормативтік қоры сәйкес емес», – делі Б. Ақшолоаков. Осы орайда Семей ЖЭО-1, Риддер ЖЭО, Шахтинск ЖЭО, Жезқазған ЖЭО, Петропавл ЖЭО-да көмір қорын толықтыру міндеті белгіленді. Былтыр жылу беру маусымының басында жылжымалы құрамның жетіспеуіне байланысты еліміздің бірқатар электр стансаларына көмір жеткізуде қиындықтар болғаны белгілі.

Сондай-ақ министр өңірлерге арналған «әлеуметтік мазутқа» қатысты түсінік берді.

Әлеумет.т⁰

АБАЙЛАҢЫЗ,
АЛАЯҚ КЕЛІН!

«Әдепті келін — ауылдың көркі» деген тәмісіл қай кезде де маңызды. Дана халқымыздың дәстүрінде келінінің өзіндік орны мен рөлі бар. Сондықтан «ертенгі күні ақ босаға аттап, аяулы жар болғанда әдепті келін атан» деп қызға қырық үйден тыйым салып отырған. Халқымыз қашанда қыз балаға ұрпақ жалғастырушы, әулеттің құт-берекесі, ұлт болашағының ұйтқысы деп қараған. Әрине, қазір де жас келінге үлкен үмітпен қарайды. Әрбір ата-ана баласының бақытты отбасын құрып, өнегелі өмір сүрсе екен дейді.

Бірақ жақында болған мына оқиға көпшілікті түңіліп тастады. Оқиғаның мән-жайын басынан бастайын. Бізбен көрші тұратын Жамал апай (*есімі өзгертілді – пед.*) кенже ұлының үйленетінін айтып, көршілерді үйіне шақырды.

Кешкісін барымызды алып, жас келіннің келуін күттік. Естүмізше, олар бірнеше ай бұрын әлеуметтік желіде танысып, 1-2 рет қана кездесіпті. Оңтүстік өңірдің қызы екен. Сонымен көптен күткен келініміз Жамал апайдың босағасын аттады. Сол үйдің үлкен жегенелері шашу шашып, ақ жаулық жауып, отқа май құйғызып, шымылдық қурыған бөлмеге апарды. Біз де көрдіміздімізді ұстатып, жас келіннің бетінен сүйік.

Қара қайыстай қара қыз қымсынар емес.
«Біз жақтың салты бойынша кешірімге
барсаныздар, алдына ақша ала барыңыздар»
деп такылдап отыр. Күйеу жігіттің де құлағына
құйыл қойса керек, ол да анасының артынан
қалмай «Қанша ақша апарады? Кім барады?»
деп қақылдап берді.

Осы кезде туыстарының ішінен біреуі: «Ел бар, жұрт бар, ақшаның басын құрап 1000 доллар апарайық», – деді. Туыстарының ішінен алыс жолға шығатын үшеуі тандалып, қаржыны қалтаға салып, келін жазып берген аймаққа аттанып кетті.

Алматыдан кеш бата аттанған кешірімшілер
Түркістан облысының бір ауылына түс ауа
жетеді. Қыздың анасының деп танысқан
жасы алпыстан асқан әйелге ақшаны ұстатып,
қыздарының жасы жерге келін болып түскенін
айтып, бір шәуғім шәйді тауыспастан кері
қайтады.

Кызыктын көкөсү келін түскөн күннен
 екі тәулік өткөннен кейін басталды. Өздерін
 қуғыншылар, жас келінінің аға-жеңгесіміз деп
 таныстырған ерлі-зайыпты екі адам әй-шәйға
 қарай, қызы алды жағын кетеміз дегенге көшті.
 Туыстары жабылып жатып әрең алып қалды.
 Бірақ әлгі жас келін екі аптадай келіндік
 қызметін атқарыпты да, зытып отырыпты.

Күйеу жігітке «Мені іздеме, отбасым, балаларым бар. Ақшаға қатты қысылған соң осындайға бардым» деген хат қалдырыпты.

Етегі жасқа толған Жамал апай «әккі алаяқтың арбауына түсіппіз» деп біраз күн көңіліз жүрді. Сотқа арыз түсіргізі келмеді. Қыздан көңілі қалған баласының да жүзі солғын көрінді. Кейін осыған ұқсас оқиғалар туралы әлеуметтік желіден оқыдым. Беті аулақ, бірақ мұндай жағдайға әркім де тап болуы мүмкін.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Сөз-Жебе

Назгул ҚОЖАБЕК, тіл маманы:

«Балалардың тіл сауатын қалыптастырудың жалғыз жолы бар. Ол – балаларды сөйлету, балаларға мәтін оқыту және мәтін жаздыру. Қазіргі мектеп бағдарламасында бұл үшеуі де тым аз, тіпті мүлде жоқ деуге болады. Балалар кітап оқымайтын, оқығанын айтып бере алмайтын, ойын қағазға түсіре алмайтын адам болып есіп келе жатыр».

Назым САПАРОВА, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі:

«Балалардың сауатын арттыру үшін мектеп бағдарламасына диктант пен мазмұндаманы қайта енгізу керек. «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиетінен» бөлім және тоқсан бойынша жиынтық бағалау бар. Быыл күнтізбелік тақырыптық жоспарға диктант енгіздім. Жиынтық бағалаулар оқушының сауаттылығын, логикалық ойлауын арттырады.

Батырбек ӘЛІМЖАН, аудармашы.



«Сленг бізге керек пе, керек емес пе» деп талқылаудың өзі қате. Оны ешкім реттей алмайды, ол кез келген тілде болатын құбылыс. Тіл қолданылатын барлық жерде көше тілі, жаргон тілі, сленг және жастардың тілі міндетті түрде болады. Жасөспірімдер бір-бірімен әңгімелескенде өз тілінде сөйлей береді. Бірақ мектепте мұғаліммен сөйлескенде, ресми шараларда дұрыстап сөйлеуі керек. Оларға мұны ұрыспай, өзі түсінетіндей етіп жеткізу қажет».

ΕΥΡΟΠΑΪΑ – ΚΘΜΙΡ
(ΜΛΗ ΤΟΝΗΑ)

(МЛН ТОННА)

2012 –
1,7

**2013 –
3,4**

2014 -
3,4

**2015 –
3,6**

**2016 –
2,6**

2017 –
4,4

2018 –
2,7

2019 –
1,3

2020 -
3,6

2021 –
5,2

2022
7 АЙДА)
– 6,4

Дереккөзі: Қаржы министрлігі МТК

Тілсіз жау (Басы 1-бетте)

Кеше ғана Қостанай даласына сіркірей жауған жаңбырдың да септігі тиді. ТЖМ жедел штабының мәліметінше, өрт сөндіру ісіне 2193 адам жұмыла қимылдап, 224 техника, 7 әуе кемесі, 5 өрт сөндіру пойызы тартылған.

Қауіпсіз жерге қоныс аударған ауыл тұрғындары уақытша Әуликөл орта мектеп-интернатын паналады. Көпшілігі қауіп бұлты сейіліп, ауыл от пен ыстан тазарған соң үйлеріне оралған. Өрт тұтанғалы 11 адамның денсаулығына залал тисе, Аманқарағай ауылының 87 жастағы тұрғыны М.Бабенко ажал құшты. Құтқарушылар қарияның сүйегін күлге айналған үйінің үйіндісі астынан тапты.

Жедел штаб «Орман өрті дерегі бойынша, ішкі істер органдары Қылмыстық кодексінің 341-бабы (Орманды жою немесе оған нұқсан келтіру), 204-баптың 2-бөлігі (өзгенің мүлкін абайсыз жою немесе бүлдіру) бойынша қылмыстық іс қозғалғанын» жеткізді. Облыста 5 қыркүйектен бастап Әуликөл мен Карасу аудандарында өртке байланысты төтенше жағдай жарияланды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қостанай облысына жұмыс сапарымен барды. Бірақ бұл сапардың бастапқыдағы жайы басқа еді. Жоспар бойынша, Мемлекет басшысы 5 қыркүйекте ұлт ұстазы, Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай өтетін іс-шараның бел ортасында болуы тиіс еді. Дәл сол күні Президент мінген лайнер Қостанай жазығына қонды. Іле Қасым-Жомарт Тоқаев тікұшақпен Әуликөл ауданының өрт шарпыған аймағын аралап, тілсіз жаумен шарпысқан өрт сөндірушілердің қолдан келер нендей қарекет жасап жатқанын көрді.

Президент өрт жалмаған ауылдардың тұрғындарымен тілдесіп, уақытша қауіпсіз ғимараттарды паналаған жансауға жұрттың өрекілген көңілін басты. Баспанасы отқа оранған тұрғындарға екі жарым айдың ішінде ел үкіметі жаңа үй салып береді деп сендірді. Қостанай облысына жұмыс сапарымен келген

соң өртті сөндіру жөніндегі шұғыл әрекет ету штабының отырысын өткізіп, төтенше жағдайлар министрі Илья Ильин мен Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетовтің есебін тыңдады. Өкілетті орындардың басшылары Президентке өртті сөндіру, қауіп төнген ауылдардың тұрғындарын эвакуациялау,

зардап шеккен, дүние-мүлкіне залал келген адамдарға қолдау жайында есеп берді. Мемлекет басшысы күрделі ахуал қатан бақылауға алынатынын, қажетті шараның барлығы да қабылданатынын айтты. Үкімет пен Қостанай облысының әкімдігіне Президент зардап шеккен тұрғындарға өтемақы беру мәселесін



ОРМАН ӨРТІ: БІЗ ОДАН САБАҚ АЛДЫҚ ПА?

сөндірушілердің жалақысы тым мардымсыз екені осындайда ғана еске түседі!

Мемлекет басшысы өрт сөндірушілерді тілсіз жаумен арпалысып, сөндіру шарасына белсене қатысқандардың ішінде батыл әрекетімен дараланғандар мемлекеттік марапатқа ұсынылып, сыйақы алатынын да айтты. Сондай-ақ материалдық жағдайды көтеру, баспанамен қамту, кадрларды дайындау жөнінде ауқымды шаралар қолға алынатынын да атап өтті.

Ауыл шаруашылығы министрлігі 4 қыркүйекке дейінгі мәліметті таратып, өрттен бірнеше ауылдың 12 бас ірі қара, 118 бас шошқа, 261 бас құс қырылғанын мәлімдеді. Сонымен қатар Қарабалық ауданында 17 гектар егістік, Мендіқара ауданында 1 гектар дәнді дақылды өрт шарпыған. Жерінің түгін тартса, майы шығатын, топырағы құнарлы Қостанай даласының егіс алқабының жалпы көлемі — 5,3 миллион гектар. Еліміз бойынша астық өндіруде, дәнді-бұршақты, майлы дақылдарды өсіруде жетекші облыс саналатын өлкенің өнірін өрт шалып отыр.

РЕДАКЦИЯДАН:

Қазір еліміздің басқа аймақтарында да өрт шығып жатыр. Шығыс Қазақстан облысындағы орманды, Ақтөбе қаласының маңайын өрт шалды. Күні кеше Аластаудың бөктері, Алматы қаласының аумағында да өрт шықты. Абырой болғанда, оның кеулеуіне жол берілген жоқ.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қостанай сапарында тосын оқиғадан сабақ алып, қамсыз болмау қажеттігін қаперге салды. Бұл — ең алдымен құзырлы мекемелерге айтылған сөз. Төтенше жағдайлар министрлігі, орман шаруашылығы комитеті жыл сайын құрғақ есеп бергенше, нақты қандай шаруаларды атқарып жатқанын жиі жариялауы тиіс.

Ал орманы мен күн сайын басын қатерге тігетін өрт сөндірушілердің жалақысы мардымсыз екені — өз алдына бөлек әңгіме. Алапат өрт кезінде жұмыс күшінің аздығы да қолбайлау болады. Ескірген техника да алапат өртті сөндіруге қауқарсыз болып шықты.

Техникалық базаның әлеуетін нығайтып, орман шаруашылығы мамандарының



әлеуметтік жағдайын жақсарту, төтенше жағдай қызметкерлерінің де тұрмысын түзеу мәселесінің уақыты әлдеқашан жеткенін Аманқарағай сынды ауылдарды аман алып қала алмағанымыз айғақтап берді.

Қуаныш РАХМЕТ

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Тұрғынбек ӘБДІБЕКОВ, ауыл әкімі:

«ТІЛСІЗ ЖАУДЫ БАҒАНАЛЫҒА ЖЕТКІЗБЕЙ ӨШІРДІК»

«Қостанай облысы Әуликөл ауданына қарасты бес ауылдың аумағында өрт сөндірушілер әлі де білек түріне жұмыс істеп жатыр». Облыс әкімдігі жанына құрылған ақпараттық штаб осылай дейді. Осы бес ауылдың бірі – Қазанбасы ауылдық округіне қарасты Бағаналы елді мекені. Ауылдық округ әкімі Тұрғынбек Әбдібековтен төтенше жағдайға қатысты жедел сұхбат алдық.

Жас qazaq: Тұрғынбек мырза, ахуал қалай, өрт толықтай сөндірілді ме?

Т.Әбдібеков: Орман алқаптарындағы ағаштар әлі де бықсып жатыр, өрт сөндіру қызметінің адамдары әлі де тілсіз жауды тойтаруға күш салып жатыр. Біздің Бағаналы ауылына өртті жеткізбей, өшіріп үлгердік. Бас қаладан келген төтенше жағдай министрлігінің көліктері үлкен күш қосты. Ауыл халқына Қостанай, Арқалық қаласынан да еріктілер көптеп келіп, үлкен қолдау білдіріп, өрт сөндіруде орасан күш қосты.

Жас qazaq: Өзініз басқаратын ауылдық округте мал шығыны жоқ па?

Т.Әбдібеков: Шүкіршілік, мал шығыны да жоқ. Орман алқабымыз өртенді, қанша гектар аумақ екені нақты анықталған жоқ. Ауылдағы тұрғындардың барлығын да эвакуациялап, қауіпсіз жерге орналастырдық.

Жас qazaq: Өрт сөндірілсе, ауыл халқы үйлеріне оралып жатқан шығар?

Т.Әбдібеков: Жоқ, көрші ауылдардағы қауіпсіз жерлерге орналастырғанбыз, әлі қозғалған жоқ, себебі облыс әкімінің шешімі бойынша, ауданымызда төтенше жағдай жарияланды. Өрт толық өшіріліп, жағдай тұрақталғанда ғана оралады.

Әсел МЫРЗАХАНОВА, тарих пәнінің мұғалімі:



ҚАРСЫ ШЫҚҚАНДАР САҒАТЫНЫҢ ҚЫСҚАРҒАНЫНА ҚЫНЖЫЛАДЫ

Биылдан бастап «Өзін-өзі тану» пәнін алып тастады. Бұл пәннің балаларға беретін тәрбиесі аса зор болмаған соң алынып тасталды. Ол тіпті оқу кестесіне де сыймайтын. Біз балалардың артық уақытын алатынбыз. Бұрын дене шынықтыру пәні екі топқа бөлініп берілетін, яғни ұлдар мен қыздар бөлек жаттығатын. Енді қазір ұлдарға да қыздарға да бір мұғалім береді. Одан бөлек, дене шынықтыру пәнінде бұрынғыдай баға қойылмайды. Тек сынақ тапсырады. Былайша айтқанда, жұмысы жеңілдеді. Сондықтан дене шынықтыру пәнінен беретін мұғалімдердің сағаты қысқарды. Қазір kundu.kz электронды түрде болғаннан кейін осы пәндердің сағаты қысқарды. Бұл — министрлік тарапынан ұзақ жыл бойы зерттеу жүргізіліп барып қана жасалған өзгеріс.

Сондай-ақ орыс тілі мен ағылшын тілі пәндерінің сағаты қысқарды. Бұрын бұл пәндер екі топқа бөлініп өткізілетін. Қазір бір сыныпта 24 оқушыдан аз болса, бұл пәндер екіге бөлінебейді. Бір сыныпты екіге бөлмей бір ғана мұғалім сабақ өткізеді.

Бірінші сыныптың табалдырығын жанадан аттаған балаға орыс тілі мен ағылшын тілін үйретуді мен де қолдамаймын. Өйткені мектепке жанадан келіп, әріппен енді танысып жатқан балаға орыс және ағылшын тілдерін үйрету дұрыс емес. Әр баланың қабылдау деңгейі әр түрлі. Сондықтан екінші сыныптан бастап орыс тілін, үшінші сыныптан ағылшын тілін оқытумен келісемін. Ал келіспей жатқан мұғалімдер сағатының қысқарғанына қынжылатын шығар.

Мемлекет басшысы 1 қыркүйектегі халыққа Жолдауында жаңаша типтегі мектептерді ашамыз деді. Қазір, өздеріңіз білесіздер, ата-аналар баласын Назарбаев зияткерлік мектебінде оқытқысы келеді. Бірақ оның барлығын қабылдауға мүмкіндік жоқ. Сондықтан жана бағыттағы мектептерде бала өзі қалаған тілінде толыққанды білім алуына жағдай жасалатын болады.

Мәселе

Биылғы оқу жылында өзгеріс көп. Оқушылар тұрмақ, еңшейінде көнбіс мұғалімдердің өзі абырғау қалды. Өзгеріс дүмпуі кей мектепте әлі де сөзіліп жатыр. Өткенде Алматының маңайындағы білім ошағының мұғалімдері «қанша сағат барын министр біле ме, сабақ беріп жүрген біз білеміз бе» деп дүрліккен. Оқу жылы басталмай жатып дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері ұл мен қызды бірге оқытуға қарсы шықты. Сол кезде жария етілген дерекке сенсек, елде 30 мыңға жуық дене шынықтыру мұғалімі бар.

Сондай-ақ көп жылдан бері өткізіліп келе жатқан «Өзін-өзі тану» пәнін алып тастаудың өзі қаншама ұстазды нәпақасынан қақты. Бастауыш сыныптарда шет тілі өтпейтіні де мұғалімнің қалтасына тиетіні анық. Құзырлы мекеме қанша мұғалімнің қысқарып, қаншасының жалақысы қандай мөлшерде қысқарғаны туралы есеп-қисап жүргізе ме екен?

Кей «жаңашылдық» оқушысы сыймай жатқан қала мектептеріне тиімді болғанымен, бала саны аз ауыл-аймақтың мектептеріне кері әсерін тигізуде. Ұстаздардың бірі сағатымыз қысқарды деп қынжылады. Екіншілері пәндерді екіге бөлу арқылы мәселені шеше алмаймыз дейді.

Қалай десек те, алыс ауылды былай қойғанда, облыс орталығындағы мектепке «аяғы жетпейтін» оқу-ағарту министрінің «тың» шешімдері ешкімді де бей-жай қалдырған жоқ.

Ұстаздардың өзіне сөз берейік.

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ «ТЫҢ» ШЕШІМДЕР:

Бүгінгі заман — білімділер заманы. Қазіргі ұрпақтың дамуы да басқаша. Олар үйренгісі келеді, ізденгісі келеді. Ал мұғалімдердің басты міндеті — оқимын деген баланы ынталандыру. Тек оқитын баланың ғана емес, барлық оқушының тілін таба білу керек. Өйткені сыныбында отыз оқушы болса, оның ар жағында 30 ата-анамен жұмыс істеу керек деген сөз. Бүгінде мұғалімдердің білімін жетілдіріп, әрі қарай кәсібін шыңдау үшін барлық мүмкіндіктер жасалған. Кездейсоқ емес, жанымен қалаған адамдар ұстаздық етсе екен деймін. Өйткені өз мамандығына немқұрайды қарайтын маман баланың дамуына септесе алмайды. Қазір ауданнан бастап республикалық деңгейге дейін ұйымдастырылатын олимпиадалар бар. Мұғалімнің міндеті — шәкіртін түрлі жарыстарға қатыстырып, нәтиже беру. Оқушыны алдыға қарай сүйреу. Әрбір мұғалім оқушысымен бірге жетістік көрсетуі керек. Жетістік көрсетсең ғана әрі қарай жұмыс істей аласың. Тек жалақы үшін жұмыс істейтіндермен мектеп әкімшілігі қоштасады. Бұл бір жағынан мұғалімдердің бәсекелестігін арттырады деп ойлаймын. Өйткені ұстаздық ету ол жай ғана мамандық емес. Ұстаз — бүтін бір елдің ұрпағын тәрбиелеуші.



КІМ
ҰТТЫ?

КІМ
ҰТЫЛДЫ?

Жанат АЙТОЛЫҚЫЗЫ, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі:



ӘР МИНИСТР КЕЛІП, ӘР ТҮРЛІ «ЭКСПЕРИМЕНТ» ЖАСАЙДЫ

Алматы облысына қарасты ауылдық мектепте ағылшын тілі пәнінен сабақ беремін. Биылғы оқу жылындағы өзгерістердің келісетін де, келіспейтін де тұстары бар. Шыны керек, оқушысы көп қала мектептеріне тиімді болғанымен, біз сияқты ауылдық жердің мұғалімдеріне қиын болайын деп тұр. Былтырғыдай емес, сағатымыз да қысқарған. Осыған дейін бір сыныпта 20 оқушы болса да, екіге бөлініп ағылшын тілін екі бөлек мұғалім оқытатын. Қазір сағатымызды

бөлісе алмай жатырмыз. Жетекшілік ететін сыныбымызға факультатив ретінде беретін «Өзін-өзі тану» пәнін де биыл алып тастады. Біз бұл пәннен сабақ беру үшін Алматыға барып арнайы курстан өтіп, сертификат алғанбыз. Меніңше, «Өзін-өзі тану» пәні керек. Бұл пән оқушымен ұстаз арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға, емін-еркін ойларын ортаға салуға септігі зор еді. Бір жағынан күткен айлығымыздан аз алып қаламыз ба деп қауіптенеміз. Жалпы мұғалімдердің де материалдық жағдайы ескерілуі керек. Әр министр келіп, әр түрлі «эксперимент» жасайды. Зерттеулер жүргіздік дейді. Ондай зерттеулер белгілі бір облыс, қала төңірегінде ғана жүргізілетін сияқты. Ал зерттеу барлық елді мекенді қамтып барып жүргізілуі керек.

Қазір ауылдың оқушылары 9-сыныптан кейін колледжде «қашады». ҰБТ тапсырудан өте алмай қаламыз дейтіндері де бар. Кейбір ата-аналар да баласының қарым-қабілетіне күмәнмен қарайды.

Оның үстіне, қазір ауылда жастар аз. Жұмысы бар мамандар мен карт зейнеткерлер қалған. Жылдан-жылға оқушы саны азайып бара жатыр. Ал оқушылар саны азайған сайын ауыл мұғалімдері де біртіндеп қысқарады. Бұл жерде де танысы барлар ұтып, танысы жоқтар жұмыстан қағылатыны анық. Жасыратыны жоқ, ауыл мұғалімдерінің жағдайы керемет деп айта алмаймын. Жас мұғалімдер ебін тауып қалаға барса да жұмыссыз қалмайды. Біз сияқты орта жастағы мұғалімдерге мекен ауыстыру, жаңа ортаға сіңу қиынға соғады.

Еңбек пен бейнелеу пәні бір жылдары қосылды, биыл қайтадан екіге ажырады. Екі пән бөлінгенімен, әдістемелік оқулықтары әлі дайын емес. Біздің ауданда 100 ғана оқушысы бар мектепте 40 мұғалім жұмыс істейді. Олардың әрқайсысы да жұмысынан айырылып қалғысы келмейді. Жоғары жақтағылар елді мекендердегі жұмыссыздық мәселесін шешіп, жастардың қалаға ағылмай, ауылда тіршілік етуіне жағдай жасаса дейміз.

Дайындаған
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

MEGAPOLIS

Шымкент республикалық маңызы бар қала мәртебесін алған 4 жыл мерзімінде қаланың әлеуметтік-экономикалық жағдайы артып, инвестиция тарту бойынша республикадағы үздік қалалар қатарында енді. Сөзімізге аз ғана дәлел, Шымшһардағы «AZALA Textile» тоқыма фабрикасы өліміздегі тігін цехтарын матамен қамтып отыр. «Bal Tekstil» кілем фабрикасы өліміздің жеңіл өнеркәсібі көшбасшысы болып танылған. Орталық Азияда теңдесі жоқ алюминий құты шығаратын зауыт «KazALPack» ЖШС да біздің қаламызда орын тепкен. Бұлардан өзге, ауыз толтырып айтуға тұрарлық жобалар жетіп артылады. Үшінші мегаполисте шағын бизнесті дамытуға мүмкіндік беретін «Silkway Alliance» өндірістік паркі жұмыс істеп тұр. Бұл дегеніміз, шағын бизнесті дамытуға – жаңа мүмкіндік. Жергілікті «Іскер қала» бағдарламасы арқылы шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға нақты қадамдар жасалуда. Бір сөзбен айтқанда, қаланың индустриялық-инновациялық, экономикалық-әлеуметтік дамуы үшін күн-түн демей тынымсыз тірліктер атқарылып жатыр. Бұл туралы Шымкент қалалық кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының басшысы Береке ДҮЙСЕБЕКОВ айтып берді.

- Береке Талғатұлы, Шымкентте инвестиция динамикасын арттыру мақсатында 4 өндірістік аймақ ашылып жатқанын білеміз. Өндірістік алаңдардағы жұмыстың беталысы қалай?
- Шымкентте жалпы аумағы 743 гектарды құрайтын 4 индустриялық аймақта 185,3 млрд теңгеге 130 жоба іске асырылып, 8 мыңға жуық жұмыс орны ашылды. Қала экономикасының қарқынды дамуына және инвесторлар тарапынан сұраныстың артуына байланысты жаңадан 4 өндірістік алаң ашу жұмыстары басталды.
- Оның біріншісі — «Жұлдыз» индустриялық аймағы. Аумағы — 306 гектар. Қазір инженерлік инфрақұрылымның құрылысы жүргізілуде. Жана индустриялық аймақта машина жасау, фармацевтика, металлургия, жиһаз өнеркәсібі, құрылыс индустриясы салаларында 5 мыңға жуық жана жұмыс орны ашылады. 200 млрд теңгеден астам қаржыға 50-ден астам ірі инвестициялық жоба іске аспақ. Қазіргі таңда 100 млрд теңге тұратын 17 жобаға жер телімдері бөлінді.
- Екіншісі — аумағы 132 гектарды құрайтын «Бозарық» агроиндустриялық аймағы. Басты бағыты — ауыл шаруашылығы өнімдерін



терең өңдеу. Қазір инфрақұрылым құрылысы жүргізілуде. 21 инвестициялық жоба іске асырылатын болады. Бүгінгі таңда 7 млрд теңгеге 6 жобаны іске асыруға жер телімдері ұсынылды.

Үшіншісі — «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағын кеңейту. Аймақты кеңейту бойынша қосымша 175 гектар жер учаскесі анықталды. Бұл аймақта құны 150 млрд теңгеге 30-дан астам ірі жобаны жүзеге асырып, 3 мың жана жұмыс орнын құру жоспарлануда.

Төртіншісі — «Стандарт» жекеменшік индустриялық аймағы. Бұл аймақтың ерекшелігі, инвестор өз қаражаты есебінен 176 мың шаршы метр дайын өндірістік алаңдарын салып, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне ұсынады. Кәсіпкерлерге қаржы институттары мен мемлекеттік бағдарламалар арқылы қолдау көрсетіледі. Бүгінгі таңда аумақтың құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

— **Иә, бұлардан бөлек, арнайы экономикалық, индустриалды аймақтардағы өндірістердің жұмысы қыз-қыз кайнап жатқан шығар. Соңғы уақыттары «Тассай» индустриалды аймағында жана жобалар жүзеге асырылып жатқанға ұқсайды. Ол қандай жобалар?**

— «Тассай» индустриалды аймағында биылғы жылы жалпы құны 3,5 млрд теңгені құрайтын 150 жана жұмыс орнымен 5 инвестициялық жоба іске қосылады. Мәселен, мұнаралы крандар мен лифт шығаратын «Kaspy service» компаниясын алайық. Құрылысы 2021 жылы басталған зауыт келесі жылдың ортасына дейін аяқталып, іске қосылады. Бүгінде құрылыстың 30 пайызы атқарылған. Кәсіпорын жылына 10 бірлік өнім шығарады. Жалпы жоба құны — 750 млн теңге. Пайдалануға берілсе, 30 адам тұрақты жұмыспен қамтылмақ.

Одан кейін медициналық зертханаға қажетті вакуум түтіктерін өндіретін «Экофарм интернейшнл» ЖШС. Құрылысы 2019 жылы басталған жобаның бірінші кезеңі аяқталған. Пайдалануға беру мерзімі 2023 жылға көзделіп отыр. Кәсіпорын іске қосылғанда, жылына 70 млн дана медицинаға қажетті құрал өндіруге қауқарлы. Сондай-ақ 200 адам жұмыспен қамтылады.

3,4 млрд теңгені құрайтын инвестициялық жоба «Бизнестің жол картасы — 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Тассай» индустриалды аймағынан 1,25 гектар жер телімін ұзақ мерзімге жалға алып, «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында «Даму» қоры арқылы субсидияланған.

Жаңадан ашылған бұл өндірісте 150 адам жұмыспен қамтылды. Заманауи технологиялармен жабдықталған мекеменің жылына 600 мың дана қорғаныш киімінің 17 түрін, 500 мың дана медициналық киім,

20 миллион дана медициналық маска мен респиратор, 1 миллион дана медициналық көзілдірік шығаруға мүмкіндігі бар.

Келесі нысан — медициналық зертхана жабдығын өндіретін «Bio Etica» және «Про-Тек-МП» бірлескен ЖШС. Жылына 1 млн дана жабдық шығаратын зауыттың құрылысы 2020 жылы басталған. Бүгінде құрылыстың 90 пайызы орындалған кәсіпорын осы жылдың соңына дейін іске қосылады. Аумағы 0,25 гектар жерге орналасқан жобаға 125 млн теңге қаржы тартылған.

Жалпы, қалада өндіріс орындарының көп болғаны өте манызды. Кәсіпкерлер тарапынан ұсынылған жобаларға әрдайым қолдау көрсетуге әзірміз. Енді іске қосылғалы тұрған осы кәсіпорындарға 2020 жылы «Бизнестің жол картасы — 2020» бағдарламасы аясында «Тассай» индустриалды аймақтан жер бөлінген болатын.

Бұдан да өзге мәселелерді бірге шешуге дайынбыз.

— **Шаһарымызда анда қарасаң, бір кәсіпорын ашылып жатады, мұнда көз жүгіртсең, тағы жана жобаларға қолдау көрсетіледі.**



Береке ДҮЙСЕБЕКОВ,
Шымкент қалалық кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасының басшысы:

«ЕРЕКШЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАНЫҢ ДЕНІ – ШЫМКЕНТТЕ»

Шүкір! Мемлекет басшысы да өңдеу өнеркәсібін арттыруды тапсырған еді. Осыған орай Шымкентте қандай инвестициялық жобалар қаржылай сүйемелденіп жатыр?

— Мемлекет басшысы 2025 жылға қарай өңдеу өнеркәсібіннің экспортын 1,5 есеге көбейтуді тапсырған болатын. Осыған орай Шымкентте 50-ден астам ірі инвестициялық жоба іске асырылады. Бұл кәсіпорындар жалпы аумағы 306 гектарды құрайтын «Жұлдыз» индустриялық аймағында салынады. Бүгінгі таңда аймақта инженерлік инфрақұрылымның құрылысы жүргізіліп жатыр.

Қаламызда жыл басынан бері 5 кәсіпорын ашылды. Бұл бағытта биыл 16 инвестициялық жобаны іске қосу жоспарланған. Инвестиция көлемі 52,3 млрд теңгені құрап, 1 мыңнан астам жана жұмыс орны ашылады. Бүгінгі таңда жоспарланған 5 кәсіпорын іске қосылды. Олардың ішінде Орталық Азияда теңдесі жоқ «KazALPack» ЖШС «Алюминий банкілерінің өндірісі» жобасын атап өткім келеді. Жоба құны 23,4 млрд теңгені құрайды. Жаңадан 145 жұмыс орны ашылды. Онда жылына 500 млн дана алюминий банкілерін шығару жоспарлануда. Өндірілген өнім елге келген импорттың 60 пайызын алмастырады.



Жалпы қаладағы 4 индустриалды аймақта 185,3 млрд теңгеге 130 жоба іске асырылып, 8,3 мыңнан астам жана жұмыс орны құрылды.

«Karlskrona» компаниясы құны 26 млрд теңгені құрайтын гидравликалық насостар өндірісі жобасын жүзеге асырады. Онда 1 мыңнан астам жана жұмыс орнын ашу жоспарланған.

Өзбекстандық инвестордың қатысуымен «Orient Ceramic» компаниясы құны 13 млрд теңгеге керамикалық такталар өндірісі жобасын жүзеге асыруды жоспарлауда. 300-ден астам жана жұмыс орындары құрылады.

1 000 орындық көпфункционалды университеттік клиника мен заманауи емхана жобасын іске асыру жоспарланып отыр. Инвестиция көлемі — 120 млрд теңге, 3 мыңға жуық жұмыс орны. Қазіргі таңда жобалау жұмыстары аяқталып, сараптамадан өтуде.

«Asia Trafo» компаниясы құны 7 млрд теңгені құрайтын трансформатор өндірісін қолға алмақшы. Жоба аясында Орталық Азияда теңдесі жоқ жоғары кернеулі реакторлар шығарылады.

— **Мемлекеттік бағдарлама аясында қанша жобаға қолдау көрсетілді?**

— Мемлекеттік бағдарлама аясында Шымкентте 2 мыңнан астам жобаға қолдау көрсетілді. Қаладағы кәсіпкерлерге қолдау көрсету үшін «Бизнестің жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасына 13,3 млрд теңге қарастырылған. Бүгінде 4,1 млрд теңгеге 1 830 жобаға қолдау көрсетілген.

Ал «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында 74 жобаға 1,1 млрд теңгеге қолдау көрсетілді. Жергілікті «Іскер қала» бағдарламасы шеңберінде 944 млн теңге бағытталып, бүгінде 183,4 млн теңгеге 19 жоба қаржыландырылды.

Сонымен бірге кәсіпкерлердің жеңілдетілген несиеге қол жеткізуі үшін «Shymkent—Atameken» микроқаржы ұйымы арқылы кәсіпкерлерге 25 млн теңгеге дейін 6 пайыздық несие беріледі. Жыл басынан бері 86 жоба қолдау тапты.

«Бизнесте арналған үкімет — Shymkent Invest» бірыңғай орталығында 24 мыңнан астам

кәсіпкерге бизнес-жоспарды әзірлеуден бастап, жобаны пайдалануға беруге дейінгі құжаттарға байланысты қолдау көрсетілуде.

— **Осы мемлекеттік бағдарлама шеңберінде жүзеге асып, ашылып жатқан кәсіпорындардың ішінде айрықша көзге түсетіндерін атап бересіз бе?**

— Иә, бізде ерекше жобалар көп қой. Мәселен, жемістерді қайта өңдеу кәсіпорны жұмыс істейді. Алтынтөбе елді мекенінде орналасқан жеміс-көкөніс өнімдерін қайта өңдейтін кәсіпорынның бірі — «Алан және Компания» ЖШС.

2018 жылы құрылған кәсіпорын 2020 жылдан бастап қарқынды бау егумен айналысып келеді. Бүгінде мекеме иелігіндегі 45 гектар жерге тамшылатып суару әдісімен қарқынды бау егілген. Оның 39,5 гектарында алма, 2 гектарында шабдалы, 2 гектарында алмұрт және 1,5 гектарында жүзім өсіріледі.

2021 жылы кәсіпорын жеміс-көкөністі қайта өңдеу зауытының құрылысын толығымен аяқтап, осы жылы зауыттың жұмысы толығымен іске қосылды. Инвестиция көлемі 1 200 млн теңгені құрайтын жобаның қуаттылығы сағатына 7 тоннаға дейін жеміс-көкөніс өнімдерін өңдеп, тосап (*джем*), шырын сияқты дайын өнімдер шығарылады. Сонымен бірге 35 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етуде.

Береке ДҮЙСЕБЕКОВ,
Шымкент қалалық кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасының басшысы:



Ерекше атап өтерлігі, Қазақстанда пектин ұнтағын шығаратын ең алғашқы кәсіпорынның бірі болмақ.

Сонымен қатар «Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау» бағдарламасы аясында мемлекеттік қолдау көрсетілді.

Шымкент қаласында кондитерлік өнім өндіру саласы бойынша «SHIKO» кондитерлік фабрикасы 2016 жылдан бастап жұмыс істейді. «SHIKO» фабрикасы — бұл кондитерлік өнімдерді шығаратын еуропалық ең жоғары технологиялық жабдықтармен жабдықталған заманауи кәсіпорын. «SHIKO» кондитерлік фабрикасы 50-ден аса таза өнімдерден, коспасыз, экологиялық таза печенье және шоколад өнімдерін шығарады. Қазір ол нарықта еліміздің өзге өңірлеріне кондитерлік өнімдерін жеткізеді. Сонымен қатар өнімдерін Ресей, Монғолия, Қырғызстанға экспорттайды. 2021 жылы Мәскеу қаласында өткен «ПродЭкспо-2021» халықаралық көрмесіне Қазақстан атынан қатысты. «SHIKO» фабрикасы EXCLUSIVE, DELUXE, MONAMI, ASSORTI сауда маркасымен сыйлыққа арналған



шоколадтарын және т.б. алуан түрлі кондитерлік өнімдерін шығарады.

Одан сон Шымкентте құрғақ құрылыс қоспаларын шығаратын зауыт ашылмақ. Кәсіпкер Әбжанов қалада құрғақ құрылыс қоспаларын және лак-бояу материалдарын өндіретін зауыт ашуды көздейді. 500 млн теңгені құрайтын инвестициялық жобаның жылдық қуаты 1200 дана өнім болмақ. 2022-2024 жылдары жүзеге асырылатын жоба нәтижесінде 200 адам жұмыспен қамтылады. «Жұлдыз» индустриалдық аймағынан 5 гектар жер телімін беру туралы шешім қабылданды.

«AINUR GROUP» ЖШС 3D панелді өндіру зауытын салмақ. 500 млн теңгені құрайтын инвестициялық жоба жылына 28 мың дана панель шығаруға мүмкіндігі болады. 2022-2024 жылдары жоба жүзеге асырылса, 10 жана жұмыс орны құрылады. Нарықта жүрген кәсіпорын өндірісін кеңейту мақсатында қала әкіміне индустриалды аймақтан 1 гектар жер беруді сұрады. Шаһар басшысы жобаны қолдап, тиісті сала басшысына жер беру туралы тапсырма берді.

Қара қорғасын және цемент мыс өндіретін зауыт — 8 млрд теңгелік инвестициялық жоба 2023-2024 жылдары жүзеге асырылады. Оған арнайы экономикалық аймақтан 5 гектар беріледі. Жылына 8 мың тонна өнім өндіретін кәсіпорын іске қосылса, 350 адам жұмысқа орналасады. Құжаттарын рәсімдеу бойынша тиісті министрлікке өтініш жолданған.

Сонымен қатар ылғалды майлықтар шығаратын фабрика ашу, жемістер мен көкөністерді қайта өңдеу, жылыжай кешенін салу, балабақша мен жүзу бассейні бар спорт кешені, мектеп салу секілді жобалар қаралуда.

Шымкентте биыл шыныдан шыны конструкциялар өндіретін жаңадан «Авангард» зауыты ашылады. 5 млрд теңгені құрайтын инвестициялық жоба жүзеге асканда 50 жана жұмыс орны құрылады. Толығымен ішкі нарықты қамтиды. Бүгінде құрылыс жұмыстары аяқталған. Құрал-жабдықтар орналастырылуда.

«Принт» кілемшелер шығарылып жатқанын да ауыз толтырып айтуға тұрарлық.

2020 жылы «Бал текстиль» кілем зауыты жанынан «Бал декор» принт кілемдері мен кілемшелерін өндіретін зауыт ашылған болатын. Кілемшелер заманауи үлгіде тоқылуда. Еден үстінде сусымайды, кір жуатын машинада жууға болады. Зауыт Түркиядан әкелінген технологиямен жабдықталған. 120 млн теңгені құрайтын жобаның өндіріс қуаты — жылына 400 мың шаршы метр кілемше. Мекеме 14 адамды жұмыспен қамтыған болса, өнімі ішкі нарықта саудаланумен бірге, Өзбекстан, Ресей, Тәжікстан елдеріне экспортталуда.

Жіп шығаратын жаңа кәсіпорын іске қосылмақ. Биыл алғашқы жартыжылдықта

Береке ДҮЙСЕБЕКОВ,
Шымкент қалалық кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасының басшысы:



өткен жылдың тиісті кезеңмен салыстырғанда өнеркәсіп өнімі 10,1 пайызға өскен. Нәтижесінде, биыл инвестиция көлемі 52,8 млрд теңгені құрайтын 16 өнеркәсіптік жоба жүзеге аспақ.

Солардың бірі — аралас иірілген жіп шығаратын «Azala Cotton» зауытының екінші цехы. Бұл инвестициялық жобаның құны — 1,9 млрд теңге. Жылына 2500 тонна өнім өндіретін жоба жыл соңына дейін іске қосылғанда, 200 адамға жұмыс орны ашылады. Өнімнің 100 пайызы ішкі нарыққа арналған.

— **Шаһардағы шағын және орта бизнес өндірген өнім көлеміне тоқталсаңыз.**



— Шымкентте шағын және орта бизнес өндірген өнім көлемі 103 пайызға артқан. Өткен жылы шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 7,7 пайызға өсті.

2021 жылдың қорытындысы бойынша, біршама көрсеткіштерде өсім байқалады: ШОБ субъектілерімен өндірген өнім көлемі — 1 097,5 млрд теңге, өсім 103,2 пайызды құрады; жалпы өңірлік өнімдегі ШОБ үлесі — 41,3 пайызға жетті. 2020 жылы бұл көрсеткіш 34 пайызды құраған. «Бизнестің жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру қаладағы бизнесті



мемлекеттік қолдаудың негізгі драйвері болып табылады. Бағдарлама шеңберінде өткен жылы жалпы 2 525 жоба қолдау тапты. Оның ішінде:

- *сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау бойынша — 1 357 жоба;*
- *ішінара кепілдендіру бойынша — 1 126 жоба;*
- *жаңа бизнес идеяларға мемлекеттік гранттар беру бойынша 39 грант берілді;*
- *өндірістік инфрақұрылымды жеткізу бойынша — 3 жоба.*

Мегаполисте шағын және орта бизнесті дамыту шаралары одан әрі жалғасады.

— **Өңіміңізге рахмет!**

Сұхбаттасқан Мәлдір КЕНЖЕБАЙ,
Шымкент қаласы

Біздің сұхбат

(Басы 1-бетте)

— Әрине, әрине... айтқаныңыз жөн болады!? — Кеңес Одағының ыдырар-ыдырамасын білмей солқылдап тұрған кезі еді. Бізге қала басшылығынан «Азия дауысы» (алдында «Алтын алма» деген атаумен шықты) биік таудағы мұз айдынында қалайда өтуі тиіс» деген нұсқау түсті. Іле-шала біздің келісімімізді күтпестен, сахнаның керек-жарактарын тиеген «КамАЗ»-дар мұз қатыратын бетон үстіне ауыр жүктерін аударып тастап жатты... Тастап жатқаны өз алдына, еркінсінген әкімдік карауындағы мекемелер желтоқсанның қалың түскен қарына дейін ол керек-жарактарын келіп алып кетуге асықпаған кездерін қалай ұмытайық?! Амал нешік. Менін жүрегімді ауыртқан бір жайт, ертең ән фестиваліне алыс-жақын шетелден



келген қонақтардың «Қазақтардың «Медесосы» несі?» дейтіні анық қой? Олардың қайсыбіріне бұл шатқалға кезінде қазақтың ауқатты азаматы-мекенат Медеу Пұсырманов иелік еткен, қазіргі спорт кешені сол кісінің атымен аталады деп түсіндірмекпіз. Оның үстіне Алматыдағы барлық негізгі БАҚ орыс тілінде, он жерден (талынын та көргем!) ойынды айтқанмен, «Медео» деп өз тіліне қаратып бұрып ала қояды. Кешенің техникалық том-том құжаттарын асықпай аударыстырып отырсам, бір-екі жерде кешенге қатысты «Медеу» деген жазу шықты. Ендеше, тарихи шындықты қалай бұрмалаймыз?! Таң атар-атпастан Клименко есімді сөзімді екі етпейтін монтажшы маманды бригадасымен іске жектім. Сатымен фасадқа шығарттым да кісі бойындай «о» әрпін электрпісіргіш аппаратпен қидырып алып тастадым. Тез арада оның орнына сондай көлемдегі дайын болған «у» әрпін, жуан болтпен бұрап жапсырттым. Кешеннің атшаптырым жерден көзге түсетін мұнарасында «Медеу» деген жазу осылайша пайда болды. Сол күні тыныш ұйықтадым...

— Өте қызық дерек айттыңыз, бұл да бір тарихи оқиға екен, Дөке, «өзіңіз отын жағып, күлін шығарған» бірегей кешенге жолыңыз соңғы рет қашан түсті? Неңдей өзгерістер байқалдыңыз, қандай әсер алдыңыз? Сол «у» әрпі кейін мұнарадан түсіп қалмапты ма?!. — Жо-жок, ол әріпті биік тұғызға мәңгі-бақи түсіп қалмайтындай етіп бұрап тастағанбыз (күлді). Жаныма жақын мұз айдынына араға уақыт салып, барып тұрамын. Таныстардан, қызметтестерден ешкім жоқ... Соңғы рет барғанымда көзіме түскені — айдынның бір бұрышына 10х20 метрлік шағын мұз айдынын орнатып қойыпты. «Үлкен үйдің ішінде — кішкене би» деген секілді! Әлемдік жана технология жетістігі — бағыдай темір құбырмен су құалап, оны неше сатыдан өткізіп мұз қатырудың азабын көрген өз басым, мына тамашаға таң қалып, қатты сүйсіндім. Естеріңізде шығар, құрылыс ғимараттарында бұрын «жылы еден» деген болып па еді, әрине, болған жоқ, ол — кейінгі заманның жетістігі! «Жылы еденнің баламасы» — «суық еден» дегеніңіз, сол мұз айдыны! Осындай шағын ғана тоназытқыш машиналармен қазіргі таңда қаланың кез келген бұрышында мұз айдынын жасауға мүмкіндік бар. Қандай керемет! Міне, сол уақытта, менің санамда «Шіркін, «Медеудің» басына байырғы спорттық, тек қана конькишілерге арналып айдын жасалатын жұлдызды сәт туып тұр ғой!» деген ой жылт етті! Мынадай технологиялық тәсілмен кез келген жерде аланды тегістеп, мұзды қатырып жіберіп, күллі қаланың халқын жиып, масайратуға болады. Ал, «ойын-сауықтан» еншісін алған «Медеу» өзінің байырғы рекордтар жасайтын ісімен айналыссын!

— Сіздің биік таудағы әйгілі «Медеу» спорт кешенінің (ішінен) қарағандағы көзқарасыңыз туралы («Медеу: өзгледі изнутри», 2011 ж. Алматы) тарихи жылынамалық-танымдық кітабыңызды қызыға оқып шықтым. Маған салсаныз, сыртынан қарасақ та, бүгінгі «Медеуіміз» сол байырғы қалпынан аумаған, сон-салтанатымен көркейіп, жайнап-жасап жатқандай көрінеді... — Ішінен де, сыртынан да емес, бір қарағанда ғана «Медеудің» болмысы солай көрінеді... Әйтпесе, 120-ден аса әлемдік рекордтар жасалған биік таудағы атакты мұз айдыны жоғарыда айттып өттім ғой, байырғы беделі мен маңызын жоғалтқалы қашан?! — Дейтұрғанмен, біздің конькишілеріміз, яғни қазақстандық спортшылар қыстық Олимпиада секілді дүбірлі жарыстарға әдеттегідей осы «Медеудің» атакты мұз айдынында дайындалып, жаттығып, додаға түсіп жүр емес пе? — Жок!.. Жаным кешенге жақын

болғандықтан, бұл мәселеге қатысты оқиғаларға қашанда құлағым түрік жүретін бар-ды. Білгіңіз келсе, айтайын: олар жердің түбіндегі Солт-Лейк-Сити мен Калгаридегі мұз айдынына барып жаттығу өткізеді. Өздеріңізге мәлім, екеуі де Америка құрлығында. Енді мына қызыққа зер салыңыз, кешенді сәл жаңғыртып, әлемдік талаптарға сай жарактандыруға қаражат жоқ та, «жердің түбіне» тайлы-таяғымыз қалмай топырлап барып жаттығуға ақша табамыз! Сондай жаттығу орталығын өзіміздің «Медеуде» жарактауға бола ма, әлбетте, болады! Әрине, олай сын айтуға мен қақылы да емес шығармын. Мен бар болғаны ақпараттық оқиғалар тізбегінің бүгінгі куәгері ғанамын. Олай деуімнің тағы бір себебін айтайын. Кезінде... Тәуелсіздіктің елен-аланында, иә, кезінде жапондар мен корейлер Құрама Штаттар мен Канададағы осынау мұз айдындарын алыссынып, білесіз бе, біздің «Медеуде» жаттығу өткізуге сондай құштарлық танытты. КСРО тұсында ГДР конькишілері «Медеуге» айрықша ықылас аударғанына өз басым куәмін. Қуана құптағандардың бірі мен едім. Корей, жапон, неміс... қомақты инвестиция тартылуға да шақ қалған. Бірақ та, ауыс-түйіс, алыс-беріс... (балкім, ұрыс-керіс те болған шығар?) жиілеп, ақыры ол ұсыныс аяқсыз қалды. Өкінішті-ақ! Ұмытпасам, 2003 жылдың іші, корейлік жаттықтырушы мамандар тарапынан «Медеудегі» болашақ жаттығу орталығына деген миллион доллардың төбесі де жылт етіп көрінген...

— Биыл кешенің «Медеу» шатқалында ресми атау алып ашылғанына 50 жыл толады.

өкпесіне салмақ салады, ширайды. Минералы жоқ таудың мөлдір суына қатырылған мұз бетінде сырғанаудың да айрықшалығы бар. Үйкелісі аз мұзда конькиші де «жұлдыздай» ағады. Айтпақшы, конькишілерді былай қоя тұрайық, біздің боксшыларымыз бен футболшыларымыз да «Медеудің» ауасын жұтып, күн сәулесіне күйіп, тауда жаттыққанды жақсы көреді емес пе?! Өз басым, «Медеудің» дәуірлегенін де, құлдырағанын да ішінде, қасында жүріп көрдім.

— Маман ретіндегі сіздің бұл айтқандарыңызбен келісуге болатын шығар. Дегенмен де, бүгінгі күннің талабы тұрғысынан бірегей кешенің болашағын қалай болжар едіңіз?

— Әлемде ең бірінші рет Нидерландтардың Хренвен қаласында «Тиальф» атты жабық мұз айдыны салынды. Ал Ресейде, Мәскеудің Крылатск және Челябиндегі алғашқы жабық мұз айдындары 2004 жылы пайда болды. Қазақстанда төбесі жабық, жасанды мұз стадионы VII қысқы Азия ойындары қарсаңында, 2011 жылы дүниеге келді. «Қазір «Медеу» мұз айдыны бұрынғы даңқынан айырылды. Оны тек жаппай сырғанақ тебетін алаңға айналдыру керек» деген сынаржақ пікірлермен келіспеймін. Өйткені «Медеу» спорт кешеніне ғана тән бірегейлікті бүгінде бүкіл ТМД, одан тыс елдерден де таба алмайсың. Сондықтан қолда

халықаралық бірнеше жарыс — 1974-1984 жылы конькимен жүгіруден әйелдер арасында Еуропа чемпионаты, 1988 конькимен жүгіруден ерлер арасында әлем чемпионаты, 1989 және 1990 жылдардағы спидвейден (мұздағы мотожарыс) өтті. Өзім куәмін, барлық жарыс өз дәрежесінде мәресіне жетті. Қандай да бір мәртебелі және құ-зырлы халықаралық шаралармен салыстырғанда қысқы Олимпиаданың жөні де сипаты да бөлек. Ол — Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасқан әрі өзгелермен терезесі тең мемлекет екенін бүкіл әлемнің алдында дәлелдеу үшін де қажет деп ойлаймын!.. Азиада мен Универсиаданы өткізіп те көрдік емес пе? Неген жасқанамыз? Өткізейік! Тек ол үшін алдымен, «Медеу» кешенін қайта жаңғыртуға күш салайық. «Медеудің» бұрынғы даңқын қайтаруымыз керек!

— «Медеу» «Медеу» болғалы, қазақстандық спортшылар Алматыда өткен әлемдік қысқы Универсиада (2017 ж.) кезінде алғаш рет рекорд жаңғырта алмады. Конькимен жүгіруші «жұлдызымыз» Екатерина Айдованың 2 мәрте алған қола медаліне малдандық. Барлығы 23 елден келген 170 конькишінің арасында,



тіпті біздің спортшыларымыз қою шанның арасынан көрінбей қалды. Қалай ойлайсыз, қазақ жерінде алғаш рет өткізіліп тұрған халықаралық қысқы спорт түрлерінен өткен сол жарыста «Медеу» спорт кешенінің жолы болмады ма, әлде спортшылардың асығы алшысынан түспей қойды ма?

— Биік таудағы «Медеу» спорт кешенінің «рекордтар ұстаханасы» деген аты бар, жоғарыда айттық. 1951 жылдан бері осы мұз айдынында 120 рет әлемдік рекорд жаңартылды. Оны жер шары мойындаған, ендеше бұл «женіліске» «Медеу» мұз айдынының еш қатысы жоқ. Рекордты спортшы жасайды, кешен тіркейді. Женіс спортшының қандай дайындықпен келгеніне байланысты. Менің мұздату технологиясының маманы ретіндегі жеке пікірім осы. Ширек ғасырға жуық уақыт осында жаттығатын спортшылармен «Медеу» спорт кешенінде қызмет атқардым. Менің білетінім, керісінше, тұған жердің киесі спортшыларды қолдайды деп жатады. Спорттың қуанышы мен өкініші қатар жүреді. Ең бастысы — сол жолы да әлемдік Универсиада спортшыларына «Медеу» әдеттегідей жылы қабақ танытты. Давиде Джотто (Италия) мен Александра Качуркина (Ресей) аттын, Сейтаро Ичинохе мен Нана Такахаша күміс, Линус Хайтдеггер (Австрия) қола медальді еліне осы жерден алып кетті ғой. Олардың жүрегінде хал-қадерінше «көметтескен» Қазақстандағы биік таудағы «Медеу» спорт кешенінің мұз айдыны әрқашан сақталады деп ойлаймын.

— Бүгінгі әңгімемізді қорытындылар кез келді. Дулат Жәрдемұлы, сонымен уақыт безбеніне салсақ, жоғалтқанымызды қайдан табамыз, «Медеудің» бұрынғы спорт әлеміндегі даңқын қалай қайтарамыз?

— Оның еш қиындығы жоқ, көкірегімде сайрап тұрған кәнігі маманның пікірін — жеке ойымды санапалап айтып көрейін: 1. Ол үшін биік таудағы бірегей бұл спорт кешені өзі тектес әлемдік дәрежедегі спорт ғимараттары секілді төбе-шатыры жабылған мұз айдынына айналуы керек. Мемлекет қаржы бөлсін, жоқ десе, ұлттық брендіміз үшін инвестор тапсын. 2. Бұрынғы жылыту қазандығы мен тоназыту бекеті аралығындағы желі қайта қалпына келтірілсін. Өрт сөндірушілер «құрғатып» жіберіп, орнына гараж салып алған бассейн қайтадан салынсын. 3. Осы нысандарды оқу-жаттығу орталығына айналдыру керек. Екі араға жүргізілген темір құбыр желісін алып тастап абаттандырса, спортшылар жаттығу орны мен стадион арасында жаттығу киімдерін ауыстырмастан, осы жер астындағы тоннельмен-ақ екі араға қайтып тұрады. Баршаға тиімді. 4. Медеу шатқалына қазір табиғи газ құбыры тартылды. Кешен ғимараттарын осындағы қазандыққа газ қосып жылытуға, ыстық суды керекінше тұтынға болады. 5. Қазіргі стадионның оңтүстік аумағындағы бос жатқан аумақ жаздық спорт аялағына айналаса, «нұр үстіне нұр». Дәл осы алаңда қазір жана технологияның жемісі — шағын жылжымалы тоназытқыш стансаларды қосып, пластикалық мұздатқыш төсенішті жайып жіберіп, жана заманғы сырғанақ алаңын жасауға мүмкіндік мол. 6. Қала әкімшілігі мен қаланың спорт сүйер қауымына айтарым, қазір жиналмалы пластикалық тоназытқыш

құбырлар арқылы қаламыздың ішінде, мейлі сыртында, тіпті тау қойнауында дейікші, оп-онай мұз айдынын қатыруға болады.

Қорыта айтарым, спортшыларға арнап қазіргі заманға сай мұз айдыны бар арнайы спорт сарайын салу шарт емес. Сан жылдар атағы дүркіреген ауасы таза, суы тұнық «Медеуіміздің» еншісін берейік. Биік таудағы мұз айдының жоғалтқан даңқын сонда ғана қайтарамыз. Ал ендеше, іске сәт! — Мазмұнды да қызықты әңгіменіз үшін көп рахмет!

Әңгімелескен Талғат СҮЙІНБАЙ, Алматы

«МЕДЕУ» КЕШЕНІНІҢ ДАҢҚЫН ҚАЛАЙ ҚАЙТАРАМЫЗ?



Биік таудағы айрықша спорт кешенінің дүниеге келуіне себепші адамдар туралы жоғарыдағы кітабыңызда жақпас айттыңыз. Мұз айдынына қатысты тарихи деректермен газет оқырманын да құлағдар етіп қойсаңыз жақсы болар еді.

— Әлемге әйгілі сырғанақ алаңы орналасқан жерді, яғни «Медеуді» ең алғаш өткен ғасырдың 40-шы жылдары кенестік атакты конькиші Константин Кудрявцев деген кісі тапты. Бұған дейін ол Кеңес Одағының түкпір-түкпірін аралап, Кавказ, Алтай, Орал, Саян тауларынан лайықты жер таппаған оның көңілі осы біздің Алатаудағы Медеу шатқалына түсіпті. Мұндағы климат, жұмсақ таза ауа, сырғанақ мұздың сапасы және де Швейцарияның әйгілі Давос таулы курортына ұқсастығы басшыларға да, мамандарға да қатты ұнаған. 1951 жылы 4-5 ақпанда табиғи мұздан жасалған айдында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің сыйлығы үшін алғашқы чемпионат өткізілді. Ақпанның 5-і күні кенестік конькимен жүгіруші Софья Кондакова екі бірдей әлемдік рекорд жасап, сол күн «кенестік конькимен жүгірушілердің ұстаханасы» — «Медеу» мұз айдынының туған күні болып тарихта қалды. Содан бері осы жерде қаншама тарихи оқиғалар, әлемдік рекордтар жасалды. Жетпіс жылдан астам уақыттың ішінде «Медеу» мұз айдыны қанша рет жабылып, қайта жанданды. 1972 жылы желтоқсанда «Медеу» спорт кешені тұрғызылды. Құрылысқа қатысқан сәулетшілер А.Қайнарбаев пен В.Кацев сияқты он маман 1975 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

— Дулат Жәрдемұлы, біз — «Медеуде» жасалған әлемдік рекордтарға бала кезден құлағымыз түрік болып өскен ұрпақпыз. Әрі оны мақтаныш тұттық, шын мәнінде ерекше кешен!..

— Онының рас, конькимен тау басында жүгіру бір бөлек те, далалық жазықта жүгірген бір бөлек. Нағыз спортшыларды ақтық жарысқа дайындауда мұның да маңызы өте зор. Тауда ауа қысымы аз, қазақша айтқанда «су тез қайнайды, еттің пісуі ұзағырақ» дегендей... Спортшы осындай ауа қысымында жүрегі мен

бар «алтынның» қадірін бағалап, бәрін де өз орнымен пайдаланғанымыз дұрыс. Ал демалушы тұрғындар мен қонақтардың жаппай сырғанағы үшін қазіргі «Медеу» мұз айдынынан сәл жоғары, тағы да қайталап айтайын, бөгет жақтағы алаңкай сұранып-ақ тұр. Осы бос жатқан жерден қоныр күзден көктемдегі күн жылынғанға дейінгі уақытта конькимен сырғанақ тебетін спорт алаңын жасауға әбден болады. Ал «Медеу» айдынының төбесін жана технологиялық талаптарға сай қымтап жауып, халықаралық деңгейдегі спорт кешені деңгейіне көтерсек, жаттығу орталығын құрсақ, оған жанаша көрік беріп, тынысын ашар еді. Сонда біздің спортшыларымыз аса жауапты жарыстар алдында мұхит асып, сонау Америкаға сабылмайды.

— Бір жылдары ұлы дүрмекке қосылған Қазақстанның Олимпиада комитеті, тіпті Дүниежүзілік Олимпиада ойындарын өткізуге де ниеттенді. Ондай әлемдік додалы жарыстардың Алматыда өтуіне сіз қалай қарайсыз? Мәселен, биік таудағы «Медеу» спорт кешені ондай жарыстың бір уығын көтеріп тұруға лайық та шығар, бірақ қаншалықты дайын?

— Айтпаңыз... ол менің 80-жылдардан бергі арнамым! «Медеу» спорт кешенінде ондай



КӨКЖЕК

Орайы келген өңгіме

Тамыздың тамылжыған күнінде Талғат аға (бөлігі журналист, газетіміздің тұрақты авторы Талғат Сүйінбай) редакцияға бір кісіні ертіп келді. «Танысып қойыңдар, бұл Алмахан деген ағаларың болады, сонау Аустралиядан келіп отыр, өзі айтышник» деп жатыр. «Ойпырмай, бұл қазақтың қаңғалақтап жүрмейтін жері жоқ, о жаққа қалай барды екен» деп таңырқасып қалдық. Қоңыр жейде киген қараторы адамды Марстан келді десе, бүйтіп таң қалмаспыз, сірә!

Әйтпесе, Аустралия қайда, Қазақстан қайда? Кітаптан оқып, кинодан көргеніміз болмаса, біз үшін ол құдды басқа планета. Сондықтан редакциядағы үш журналист (Қуаныш Нұрданбекұлы, Мақпал Ноғайбаева, Гүлнар Ахметова) бесінші құрлықтан келген қонаққа «бас салып», жан-жақтан сұрақты жаудырдық. Талғат аға – модератор.

Айтпақшы, Аустралиядан келген қазақтың аты-жөні – Алмахан Батырқұлов. Өмір бойы ел ішінде өңбек өткен де, зейнетке шыққаннан кейін тәуекелге басып шетел көткен. Басқасын ортақ сұхбатымыздан біле жатарсыз.

ЖЫРАҚТА ЖҮРСЕМ ДЕ, ЖҮРЕГІМ – ЕЛДЕ

Жас qazaq: Алмахан мырза, зейнет жасында тәуекелдің желқайығына мініп, алыс құрлыққа тартып кетіпсіз. Ондай шешім қабылдауға не түрткі болды?

А.Батырқұлов: Мен елден 2016 жылы зейнетке шыққанда кеттім. Оған дейін Алматыдағы метро құрылысында жеті жыл жұмыс істеп, сосын зейнетке шықтым. Екі қызым осында жоғары оқу орнын тәмамдап, Аустралияға кеткен болатын. Екеуі де сол жақта тұрмысқа шығып, тұрақтап қалды. Жиі барып-келуге жер алыс. Олар «осылай қарай көшіңдер» дейді. Зайыбымыз екеуміздің жасымыз келді, жат елде қалай болар екен деп көп ойландық. Ақыр соңында балалардың қасына барғанымыз дұрыс шығар деп шештік. Алғашында ата-анаға арналған визамен бардық.

Жас qazaq: Сонымен не болды? Жұмысқа алды ма?

А.Батырқұлов: Әлгі сұхбаттасуға барған компанияға шұғыл түрде маман керек болған. Бұл менің он жамбасыма дөп келді-ау деймін. Өйткені келесі шақырғанда тағы да сөйлесетін шығар деп тұрсам, жұмысқа алғандарын айтты. Оған дейін отыз шақты сұхбатқа қатыстым. Соның әрқайсысынан өзіме жана нәрсе үйрендім. Қай жерде қалай жауап беру керек, не туралы айту керек – мұның бәрі мен үшін үлкен тәжірибе болды. Ең алғаш кірген компанияның жұмыс келісімшарты онша тиімді болмады. Мәселен, еңбек демалысына шыққан кезде демалыс қаржысы төлене ме, төленбей ме, оны компания басшылығы өзі шешетін. Мерекелік күндері жұмысқа шықсаң да, ол күндерге айлық төленбеді. Жұмыста қосымша қалып істесеніз, ол жағы да есепке алынбады. Мен бұл компанияда екі жылдан астам уақыт жұмыс істедім. Еңбек демалысына шығып, ақылды сұрағанда берді. Сөйтіп 2018 жылы елге келіп кеттім.

Жас qazaq: Жалақы мөлшері құпия ма?

Мәселен, жылдық табысыңыз қанша екенін айта аласыз ба?

А.Батырқұлов: Жылына 60 мың доллардай табамын. Сонда бір айға 5 мың доллардан келеді.

Жас qazaq: Ол жақта біздің елмен салыстырғанда өмір сүру қымбат па?

А.Батырқұлов: Менінше, Қазақстанмен салыстырғанда, өмір сүру деңгейі қымбат емес. Қалай десем екен, манызды азық-түлік жиі қымбаттамайды. Баға өссе де, айырмашылығы онша білінбейді. Өйткені біздің бір айлық

де, амал жоқ, көштен қалмау керек. Сондықтан жұмыс технологиясындағы жана үрдістерді қалт жібермей, дер кезінде менгеруге тырысамын. Компания директоры үйінде отырып-ақ кімнің қалай жұмыс істеп жатқанын тексере алады. Жұмыс уақыты – таңғы сағат 9-дан күндізгі үшке дейін. Менеджерлер бір күндік жұмыс жоспарын алдымызға іліп қояды, сол бойынша тапсырмаларды орындаймыз. Менен де тәжірибелі жүйе администраторлары бар. Бірақ олар электроника жағына көп бара бермейді. Ал мен Мәскеуде оқу бітіргем, Алматы метросындағы жұмыс тәжірибем бар. Сондықтан құрылғыларды жөндеу сияқты жұмыстарды атқара беремін. Бүгінде жасым 69-ға келді. Бұл елде ер адамдар зейнеткерлікке 65 жасында шығады. Ал мен зейнетақы алмаймын. Зейнетақы алуым үшін осында он жыл тұрақты тұруымыз керек. Осы он жыл ішінде 3 айдан астам уақытқа елден кетпеу керек. Қазір біздің тұрып жатқанымызға 6 жылдан асты. Аустралия азаматтығын алдық.

Жас qazaq: Сіз зейнетке шыққан соң өміріңізді күрт өзгертуден қорыққан жоқсыз ба? Өзге мемлекет тұрмақ, ел ішіндегі басқа қалаға көшіп баруға жүрегіміз дауалай бермейді...

А.Батырқұлов: Мен қызыма сеніп бардым. Өйткені біз



мүшелері өз жұмысын барынша ашық көрсетеді. Мысалы, премьер-министр ауысты, партия ауысты делік. Барлығы ашық түрде өтеді. Жолдың бойына дүңгіршек салу немесе парктің ішіне кафе салу деген мүлде болмайды. Салған күннің өзінде үлкен айыппұл төлейді.

Жас qazaq: Аустралияда казактар көп пе?

Олармен араласып тұратын шығарсыздар?

А.Батырқұлов: Кіші қызым Аустралиядағы Қазақстан консуллығындағы жастармен жиі кездеседі. Мерекелік күндері осындағы казактар бірлесіп тойлайды. Біз көп бармасак та, кіші қызым қатысып, араласып тұрады. Казактар көп деп айта алмаймын. Бірақ қызым 5-6 адаммен болса да кездесіп, мерекелік шараларда ұлттық асымызды пісіріп, дастархан жайып, мәре-сәре болысады. Наурыз мерекесінде кездесеміз. Үндіге, норвегиялыққа шыққан казак қыздары бар.

Жас qazaq: Аустралияда тұрып жатқаныңызға алты жыл болыпты. Ол елдің менталитеті, әдет-ғұрпы мүлде басқаша болар?

А.Батырқұлов: Бір байқағаным, Аустралия жастары метрода үлкен кісілерге орын бермейді. Өлмелі қарт болмаса, отыра береді.

Ешкімнің ешкімде шаруасы жоқ, әркім өзі үшін өмір сүреді. Дегенмен адамдар арасында сыйластық байқалады. Бірде жұмыспен бір нысанға бару керек болды. Ол жерге арнайы киіммен кіруіміз керек. Менің каскам мен жилетім сөмкемде болған. Күзетші киімді сұрады. Сөмкемде екенін айтып едім, киіп алу керектігін жәй ғана ескертіп айтты. Ал менен кейін киімсіз келген жас жігітке айыппұл салды. Мұны мен үлкен басымды сыйлағаны шығар деп түсіндім. Ол жақтың адамдары беделге (*prestige*) қатты мән береді. Сондықтан да көшеде айқайласу, жаға жықтысу деген жоқ.

Адамдар заңға бағынады. Ұй салығы, көлік салығы міндетті түрде төленеді. Біздің елдегідей пәлен жыл салық төлемей жүріп алу деген жоқ.

Тағы бір айта кететіні, адамдар өзге біреудің мүлкіне ешқашан қол сұқпайды. Бірде қызым пойызда әмиянын ұмытып кеткен екен. Содан оны тауып алған адам ішінен почтаға салып жіберу үшін 6 долларын ғана алуға рұқсат сұрапты. Қалған ақшасы түгелімен өзіне қайтарылыпты. Сол сияқты мен де жұмыста бір сайманымыз ұмытып кетіппін. Ертесінде барсам, сол зат орнында тұр. Оларда біреудің затына біреу тиіспейді.

Тағы бір айта кететіні, бірнеше шақырымға созылған саябақтардағы жабайы ағаштар қанша биік болып өссе де кеспейді.

Жас qazaq: Алматыда спорт алаңдары көп делініз. Аустралияда спортпен шұғылдану жағы қалай?

А.Батырқұлов: Мұнда мұхит болғандықтан, көбісі жүзуден айналысады. Бірақ ол жақта Алматыдағыдай спорт алаңдары көп емес. Серфинг, велоспорт жақсы дамыған. Тамақ арзан болғандықтан ба, толық адамдар өте көп. Мектепте дене шынықтыру арнайы пән ретінде оқытылады. Немеремнің бірі қаратэ үйірмесіне қатысады.

Жас qazaq: «Ет дегенде бет бар ма» дейтін қазақсыз ғой, қазақтың ұлттық тағамдарын сағынатын шығарсыз? Ет бағасы қымбат емес болар, Аустралия мал шаруашылығын дөңгелетіп отырған ел ғой.

А.Батырқұлов: Әрине, сағынамын. Сыранның бөшкесінен пеш жасап алдым. Енді соған қазан іздеп жүрмін. Өз ауламда ас пісіру үшін Аустралияға қазан әкетіпкөп ойым бар. Еттің бағасы соншалықты қымбат деп айта алмаймын. Ет сататын арнайы базарлар бар. Сондықтан қой мен сиыр етін таңдап алуға болады.

Жас qazaq: Қазір бізде жұмысқа зауқы жоқ жастар қалыптасып келеді. Баланы жастайынан еңбекке баулу керек екенін ата-ана да, жоғарыдағылар енді түсіне бастағандай. Ал сіз зейнетке шыға салып, жаңа өмір бастаудан қорықпадыңыз. Жастарды еңбекке тартудың жолы қандай?

А.Батырқұлов: Менің інім «балаларым үй жұмысын жасамасын, одан да оқып, білім алсын» дейтін қағидалы ұстанады. Менінше, ол дұрыс емес, баланы кішкентайынан еңбекке баулу керек. Көп жастар ауыр жұмыс істегісі келмейді. Бірақ көп ақша тапқысы келеді. Білімше, Қазақстанда жақсы жұмыс табу қиын. Аустралия жастарының барлығы деп айта алмаймын, бірақ басым бөлігі университетте білім алғысы келмейді. Ол қазір кәдімгідей проблема. Өйткені ауыр жұмыс істейтіндер жақсы жалақы алады. Қандай жұмыс істесен де тиісті ақыңды аласың. Қазақстанда ауыр жұмысты істетіп алып төлемейтін кездер болып жатады. Еңбек қай кезде де бағалануы керек. Базарда арба сүйреп жүрген жігіттерді көргенде жүрегім ауырады. Неге өндіріс орындарын көптеп ашып, жұмыссыз адамдарды еңбекпен қамтамасыз етпейді екен деп!

Мен елімді ешқашан ұмытпаймын. Жырақта жүрсем де, жүрегім – елде. Күндіз-түні туған елімде не болып жатыр екен деп алаңдап отырамын. Біздің елде білімді де білікті жастар көп. Қазір қазақ жастары Гонконгта, Америкада жұмыс істейді. Оларды елге алдырып жағдайын жасаса, қаншама пайдасын тигізер еді. Сондықтан жоғары жақтағылар білікті мамандарды елде алып қалу жағын да қарастыруы керек.

«Сырт көз – сыншы» дейді ғой. Мен еліме келгелі ағайын-туыспен, жастармен сөйлестім. Білімге ұмтылған жастардың беталысын көріп марқайып қалдым. Тағы бір байқағаным, жастардың дені ішімдік ішпейді екен. Спортпен айналысады. Сондай жігерлі жастардың ел-жұрты үшін қызмет етуіне жағдай жасалса, Қазақстан озық елдердің ортасынан көрінеді әлі!

Жас qazaq: Редакциямызға келіп, сұхбат бергеніңіз үшін рахмет!

жалақымыз ішіп-жемнен көп артылады. Бірақ Сиднейде пәтер жалдау құны қымбат. Біз алғаш көшіп келгенде бір жылдай пәтер жалдап тұрдық. Сол кезде айлығымыздың тең жартысы пәтер ақысын төлеуге кететін. Дегенмен қомақты қаржымен барған соң ба, онша қиналған жоқпыз. Үш айдан кейін мен жұмысқа тұрдым. Осы үш айдың ішінде жергілікті тілді үйрендім. Қазір біз жер үйде, яғни өз үйімізде тұрамыз. Оған үлкен қызым себепші болып, үй алуға көмектесті. Бізден бұрын көшіп келгендіктен бәрін біліп алған. Жылжымайтын мүлік сату, сатып алуда тәжірибесі мол. Сидней әлем бойынша қымбат қалалардың ондығына кіреді. Содан да болар, үй бағасы қымбат. Тіпті сырттан келген біздер емес, жергілікті тұрғындардың өзі үй сатып

барғанға дейін ол он жылдан астам уақыт сонда тұрды. Тұрмысқа шықты. Күйеуі – украин. Негізгі мамандығы – зангер. Қазір инженер болып жұмыс істейді. Зангерлікті де қатар алып жүргісі келеді. Жатқұртта сенетін, сүйенетін адамымыз болғаннан кейін тәуекелге бел буған шығармыз.

Жас qazaq: Қазір бүкіл әлемде азық-түлік қымбаттап жатыр. Аустралияда қалай?

А.Батырқұлов: Негізгі азық-түлікке жеңгелерің барады. Дегенмен бұл елде белгілі бір бақылау бар. Қазақстандағыдай негізсіз қымбаттап кетпейді. Менің ойымша, Қазақстанда бағаны әдейі қымбаттататын сияқты. Аустралияда жанармай қымбат. Литрі – 2,5 доллар шамасында. Қазір мен бір өзім жұмыс істеймін. Сондықтан қаржыны онды-солды шашу деген жоқ. Барынша үнемдеуге тырысамыз. Ол жақта мынадай нәрсе бар. Оның қалай аталатынын білмеймін. Сіз ипотека алу үшін қаржының 20-30 пайызын құясыз. Ол несиеніңді өтеп біткенше қайтарымсыз қаржы болып тұра береді. Оның үстіне тағы да қаржы құя аласыз. Мұқтаж болған жағдайда сол қаржыдан алуға болады. Ол жақта заң бәріне ортақ. Министрлердің өзі заңды бұзбайды.

Жас qazaq: Біздің елдегідей жемқорлық бар ма?

А.Батырқұлов: Мысал келтірейін, ол жақта мэрия дейді, қала мэрі оқыс жағдай бола қалған жағдайда бірден отставкаға кетеді. Себебі заң қатал. Мэрияның жұмысын арнайы комиссия тексеріп отырады. Жоғары жақта, билікте жемқорлық бар деп айтылып жатады. Бірақ оның қандай жемқорлық екенін білмедім.

Жас qazaq: Сіз жергілікті газеттерді немесе басқа ақпарат құралдарын оқитын шығарсыз. Солар жемқорлық туралы жаза ма?

А.Батырқұлов: Әрине, ол туралы газетке жиі жазады. Егер осындай оқиға кездессе, сонына түсіп, әбден қазбалайды. Мәселен, біздің ауданның мэрі жемқорлыққа күдікті ретінде жауапқа алынды деген ақпарат тараған күні-ақ мэрия отставкаға кетті.

Жас qazaq: Қазір бізде қағаз газеттер құрып бара жатыр. Жұрттың назары ғаламторға ауды деген сылтауден тасқа басылатын газет-журналға бұрынғыдай қамқорлық жоқ. Аустралияда қалай, тұрғындар газет оқи ма?

А.Батырқұлов: Әрине, газет оқиды. Жастар газет оқиды деп айта алмаймын. Біз сияқты егде адамдардың үнемі газет оқып отырғандарын байқаймын. Біздің компанияға аудандық, қалалық газеттер келеді. Мен үзбей оқып, жаналықтарын көріп отырамын. Газет оқыған мен үшін пайдалы. Бір жағы тәжірибе, бір жағы тіл жаттықтыру. Маған көп оқу керек. Өйткені әлі де білгім келетін дүниелерім өте көп.

Жас qazaq: Денсаулық саласы жоғары деңгейде болар?

А.Батырқұлов: Дәрігерлердің жалақысы жоғары. Ауруханадағы емдеу деңгейі мүлде басқа. Медицинада пара алу, пара беру деген атымен жоқ. Бір жылға медициналық сақтандыру полисін алып қойсаныз, тегін емдейді.

Жас qazaq: Көшедегі тәртіп?

А.Батырқұлов: Жұма күндері орталық дәмханаларда адам көп жиналады. Кешкісін кафеде жастарды жиі көруге болады. Бірақ олардың ешқайсысы бір-бірімен жаға жыртпайды. Байқағаным, бұл елдің халқы заң бұзудан қатты қорқады.

Жас qazaq: Халықтың билікке деген сенімі қандай?

А.Батырқұлов: Халық билікке сенеді. Сайлауға қатыспасаныз, 25 доллар айыппұл төлейсіз. Қарсыласқа берген дауысты иемдену деген атымен жоқ. Өйткені жауапты комиссия



Жас qazaq: Қанша дегенмен, жат ел. Қиналған шығарсыздар?

А.Батырқұлов: Иә, бастапқыда біраз қиындықтар болды. Өйткені елден алатын зейнетақымыз бірден тоқтады. Ел ол жақтың зейнетақысын алу үшін мұнда он жыл тұрақты тұруымыз керек. Бірақ өз басым іштей дайындалып бардым. Жұмыс іздemes бұрын кәдімгідей өзімді шыңдадым, жан-жақты дайындалдым. Ағылшын тілін үйренуді қолға алдым. Әйтсе де, жат елге барғаннан кейін, әлгі ағылшыншам жарамай қалды. Өйткені акцент басқа. Оларда сөздердің айтылуы басқа, тіпті мен білмейтін көп сөздер кездесті. Жұмысқа алу тәртібі де өзгеше. Бірнеше кезеңнен сүрінбей өтуін керек. Сондықтан жұмысқа тұру үшін көп дайындалдым. Ең алдымен телефон арқылы сұхбаттасады. Өзін туралы түйіндемде қолыннан не келетінін тәптіштеп жазасын. Оның да өз ерекшелігі бар. Жұмыс туралы қысқа да нұсқа жауап беруін керек. Оған бөлек, жұмыс беруші де өз сауалдарын қояды. Олардың нақты жауап берілуі тиіс. Осыдан 10-20 жыл бұрын барған программистер жұмыс беретін компанияларды таңдайтын. Ал қазір компания жұмысқа қабылданатын адамдарды өздері таңдайды. Өйткені қазір Аустралияда бәсеке күшейді. Үнді пен қытай көп. Олардың жастары алға қарай ұмтылып, бәрін біліп, үйренгісі келеді. Жұмысқа қабылдау алдында 3-4 адам отырып, сұрақ-жауап алады. Қойылған сұраққа жаңылмай жауап беруін керек. Мен өз мүмкіндіктерім мен бағдарламалау саласында қандай қызметтер атқара алатыным туралы толық айтып бердім. Өзімнің жұмыс тәжірибеммен бөлісіп, қолымнан қандай іс келетінін айттым. Бұған алдын ала дайындалдым. Бір қызықтатыны, Аустралия жұрты Қазақстанды біле білмейді. Ауғанстан немесе Иран деп ойлайды. Аустралиядағы таныстар «сіздер араб тілінде сөйлейсіздер ме» деп жиі сұрайды.

алу үшін көп тер төгеді. Жалпы Аустралияда ақшасыз өмір сүру мүмкін емес. Сондықтан міндетті түрде жұмысын болуы керек. Алғаш рет жұмысқа орналасқаннан кейінгі алты ай басшылық тарапынан үнемі бақылауда боласыз. Олар әр қаламыңды қадағалап, жұмысқа деген құлшынысыңды байқап отырады. Қазіргі жұмыс істеп жатқан компанияның еңбек шарты мен үшін тиімді. Өйткені мұнда мерекелік күндер мен еңбек демалысы төленеді.

Жас qazaq: Автокөлік ше, ол да қымбат па?

А.Батырқұлов: Автокөлік онша қымбат емес, бірақ оның төлейтін салығы мен сақтандыру полисі қымбат. Бір байқағаным, көшеде кілен жаңа машиналар жүреді. Өйткені ескі көліктерді жойып отырады.

Тағы бір мысал айтайын, үйге жөндеу жұмыстарын жасайтын болсаныз, құрылыс материалдарына көп ақша кетпейді. Әлгі жөндеу жұмыстарын жүргізетіндердің еңбегі қымбатқа түседі. Аустралияда қол еңбегімен жұмыс істейтіндердің айлығы жақсы, көп ақша табуға мүмкіндік бар. Жұмыс істегенде күш-қуатың соған жарайтынын көрсетуін керек. Сол үшін де мен күн сайын жаттығаным. Өзімнің жұмыс істеуге деген қарым-қабілетімді көрсетіп отырамын. Қазір біраз нәрсе жеңілдеді. Алты жылдық тәжірибем бар. Компания зертханасында компьютермен бір орында отырып жұмыс істеймін. Алғаш келген жылдары жұмыс бабымен басқа да нысандарға баратынбыз. Біздің жұмыс компьютерлік технологиямен тікелей байланысты. Компания заманауи үлгідегі конференц-залдарды техникалық құрылғылармен жабдықтаудан айналысады. Ал біз зертханада сол құрылғыларды онлайн қадағалап, басқарып отырамыз. Технология күн сайын өзгеріп жатыр, жаңа протоколдар келеді. Соның бәрінен хабардар болып, үнемі оқып, үйренуіміз керек. Кейде жас келгендіктен бе, демалғын да келеді. Әйтсе

Еске алу

Бір үйдің баласындай, бір қолдың саласындай болу әсте оңай емес, өйткені ол – абырой-беделдің, ақыл-кеңестің көніші. Тағдыр бізді – Алтынбек Сәрсенбайұлы екеумізді ғана емес, қатар жүріп, «бірге тойлап, бірге өткізген» жалындаған жас шағымыздағы достарымызды сондай кен байлығына кез еткеніне шүкір етеміз. Несін жасырамыз, кезінде қайраткер құрдастың жазып қалдырған мұрасына үңіліп, айтып кеткен ой-мақсатына тереңдеуден гөрі, жеке пайдасын күйтеушілер ширақ қимылдады. Оның атын оңды-соңды пайдаланып қалғысы келгендер де бой көрсетті, әлі де жоқ емес. Тіршілігінде сырлас болғандардың қатарын бұзып-жарып, кимелеп төрден орын бөрмейтіндер жол-жөнекей табыла кетті. Қысқасы, Алтынбектің өз сөзімен айтсақ, «мораль жағы бұрмалауға түскен жолда жолшыбайлар мен жолбикелер көбейді».



Бәлкім, уақыты келгенде мұндай пасықтыққа, китүркылық пен сорақылыққа қоғамның өзі қарсы тұрар. Әйтпесе, санасы өзгермей жатқан қауым үшін саясаттың шытырманы мен шырғаланы сап тыйылар деп айту қиын. Шындығы, заманы бір болғанмен, амалы мындармен Алтынбектің де араласып-құраласуына тура келді. Арада біршама уақыт өткеннен кейін құлығы мен сатқындығы әшкереленгендер осы күндері арамызда тұқ болмағандай кейіпте жүр.

1986 ЖЫЛЫ ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІНЕН KEЙІН БИЛІК ЖАСТАРДЫҢ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСА БАСТАДЫ. СТУДЕНТ-ЖАСТАР САРЫЛА КҮТЕТІН «ӨРКЕН– ГОРИЗОНТ» ГАЗЕТІНІҢ ДӘУІРІ СОЛ КЕЗДЕ БАСТАЛҒАН ЕДІ. ӘСІРЕСЕ, АЛТЫНБЕК БАС РЕДАКТОР БОЛҒАН ТҰСТА ТАРАЛЫМЫ ЖӨНІНЕН РЕСМИ ГАЗЕТТЕРМЕН ТАЙТАЛАСАТЫН ДЕНҒЕЙГЕ ЖЕТТІ. ШЫН МӨНІНДЕ, СОВЕТТІК ЦЕНЗУРАНЫҢ ШЕҢБЕРІН БҰЗЫП-ЖАРҒАН БҰЛ БАСЫЛЫМ КӨПКЕ ТАНЫЛДЫ. БАТЫЛ ДА ТАЛАНТЫ ЖУРНАЛИСТЕРДІ ТОПТАСТЫРҒАН ГАЗЕТТЕ БАС РЕДАКТОР АЛТЫНБЕК СӘРСЕНБАЙҰЛЫНЫҢ ЖУРНАЛИСТІК ҚОЛТАҢБАСЫ ҒАНА ЕМЕС, ӨМІРЛІК ҚАҒИДАТЫ ДА АЙҚЫНДАЛДЫ.

Пендешіліктен арылуға, ашығын айтып, ақталуға ар-ұяты жібермейді. Ұлтымыздың тарихына қанығып өскен біз оларға сол кездің өзінде кешіріммен қарадық, қазір де аюшылық танытамыз. Әрине, көп оқиғаны сол кезеңге, адам тағдырына тели салуға болар еді, бірақ ұрпағымыздың болашағын ойлаған кезде өткен уақыттың тәлім алар тұстарына тоқталғанның артықтығы жоқ деген түйінге келдік. Қайткенде де бәріне уақыт – төреші. Иә, қадірлес болған жанмен бірге жүрген күндерді, бастан өткергенді қалай ұмытарсың? Ал еске алу – ескіден келе жатқан дәстүр. Оның да өзіндік шарты, жүгі, мақсаты бар. Балғын шактың, кәусар

кезеннің, өскен-өнген ортанның ұқсастығы, біртекті көзқарасқа суарылған мүдденің ортақтығы, қара нанмен ғана емес, қыр-сырынмен бөлісу мүмкіндігі бізді тез әрі терең табыстырды. Сондай кезде жүрегіне ұялаған сенім ғана ұзаққа, бәлкім, өмірінің аяғына дейін созылатын шығар. Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының аяғында Алматыға әр жақтан келген көп жастың ішінен суырылып шығып, еліміздегі білімнің ең биік ордасы, қара шаңырағы – ҚазҰУ-ге оқуға түскенде, болашағымызды болжап үлгеру мүмкін де емес еді. Кейінірек ой таластырып, қиял жарыстырған оғандардың, өңшен өршілдердің ішінен іріктелгендердің басы жиі қосылатын болды. Сонда айтатынымыз – ұшқан ұямызға, балауса балалыққа, қимас достарға, туған ауылымызға деген сағыныштан туған дастандар, жарысып, жабыла оқыған-тоқығанымыз, көрген кино, театр қойылымы, музей көрмесі, сүлейлердің сарқыптындай әдебиет, өнер өкілдерімен кездесулерден, ел аузындағы тарихы мен анызы қатар өрілген жерлерге, көрнекті орындарға барған сапардан алған әсеріміз – бәрі-бәрі қызу талқыға түсетін. Тіпті жазған-сызғанымыздың алғашқы сыншысы

да өз қатарымыздан, өз ортамыздан табылатын. Бұл жас керуеннің көші жүрмей тұрып-ақ, жасақталып жатқанда түзелгенінің белгісі болса керек. Сонымен бірге мініміз де тезге салынып, мінезіміз қалыптасты. Көп нәрсені ұстаздан бұрын өмір үйретеді. Сарыжазда өскен Алтынбектің білімге құштарлығы, спортқа біртабан жақындығы, көпшілігі бірден білініп тұрар еді. Үлкен әулетте, қазақтың қара шаңырағында

тәрбие алған досымыздың қарапайымдылығымен қатар өжеттігі байқалатын. Жалпы, көпбалалы отбасында тәрбиеленгендер көбінесе шындықты қорғауға дағдыланады, өйткені, айнала бауыр жалған айтуына жол бермейді. Бұл ерекшелікке де мән берген жөн. Аз-кем уақыт интернат нанын татып үлгергенін де айтатын. Мектепте бірге оқыған кластарың, достарың,

жекелеген мұғалімдерін ерекше құрмет тұтты. Олармен хат та жазысты. Қарап отырсақ, сол совет заманында журналистика факультеті студентінің удай сатира жанрында жазуы да тегін емес еді. Өмірдің қиыншылығына тап болып, басынан өткермесе де, көз алдында болып жатқан қоғамдағы келенсіздікке келіспейтінін, әділетсіздікке деген көзқарасын жария ете бастады. Әйтпесе, кемелденген социализм формациясы тұсында колхоз бастығының баласы қоғамға сын тұрғысынан қарамақ түгілі, жан-жағына шаң жуытпайды емес пе? Жап-жас болып-ақ шолақ белсендіге айналған студенттерді, әкесі ығай мен сығай болған соң өзгенің құқын таптап, шалқып өмір кешкен балаларды да көріп өстік. Ал, студенттік жатақханада тұрған, бөлмедегі кезекшілігіне мұқият Алтынбектің табиғаты, тұрқы олардан ерекше еді. Ойындағысын бүкпей айтып салатын.

Сексенінші жылдардың басында Ерлан Байжанов, Қанат Жұматаев, Алтынбек Сәрсенбаев төртеуміз ауысу тәртібімен Мәскеу мемлекеттік университетінде оқуды жалғастырғанымызда да ол сол қалпынан танбады. Совет Одағының астанасында білім алуды «афишаларды оқудан» емес, өзге елдерден оқуға келгендермен танымдық бәсекеден, өнер жарысынан, спорт сайысынан бастадық. Ресей қалаларына, Балтық жағалауындағы республикаларға сапар шектік, тарихи орындармен, музейлер экспозицияларымен таныстық. Одақтың бұлыңғыр болашағын болжап, тартыспен тан атқызған кезіміз де болды. Саяси дискуссиялар, тақырыптық кештер мен түрлі кездесулер, премьералар бізсіз өтпейтіндей көрінетін. Сол жылдары республикамызда аты да аталмайтын Наурыздық Мәскеуде жанғыртуды жүзеге асырдық. Сонда Алтынбекпен бірге Қазақстаннан келіп оқып жатқан студенттердің арасында сактар мен ғұндар дәуірінде қол жеткен жетістіктерден бастап коммунистік жүйенің жалаң ұрандары мен шалағайлығына дейін саралап, лекция оқығанымызды, ұлттық салт-дәстүрді, ұмыт қалған ұлт құндылықтарын насихаттағанымызды растайтын қыз-жігіттердің көпшілігі бүгінде алпыстың асуына шығып, немере сүйіп жүргені де ақиқат. Ол кезде байтақ еліміздің өңірлері өзі ішіп-жемесе де Мәскеуді толық азықтандырып, үлде мен бүлдеге орап тастайтын. Үлкен қаланың шағын дүкенінде мастанғаннан үйіндегі итін ет таңдап тұрған орыстың кемпірлерінің әнгімесін естігенде бұлқан-талқан болып, қыс демей, жаз демей мал соңында жүрген жерлестеріміздің еңбегі үшін ашынанатыңыз. Сонда көпшілік елей бермейтін әділетсіздіктің орталықтың өзінен басталатыны көп ойға қалдырған. Нарық жағдайында өмір сүруге әуелі халқын үйретіп барып өндірісін, экономикасын көшірген елдердің студенттерімен де араластық.

Мысалы, сол кездегі біздің жүйе үшін «алыпсатар, спекулянт» ұғымдары сөздік қорымызда мүлдем болмаған «коммерция, коммерсант» ұғымдарынан үстем еді. Мәскеуде жатақханада кітап оқу, әсіресе, «самиздат» шығарған дүние жетіп артылатын. Шетелде жарық көрген түрлі кітаптар студенттік ортада жасырын кезекке тұру арқылы қолымызға тисе, жата жастанып оқуға кірісетінбіз. Бірқатарын ротапринтте басып шығарып, елге тасыған кезіміз де болды. Жастық талап пен ізденіс шығар, соның бәрі көзқарасымызды қатты өзгертті. Совет журналистикасы теориясының негізін қалап, түрлі оқулық жазған Я.Засурский, С.Гуревич, В.Пельт, Е.Блажнов, С.Курляндская т.б. мықтылардан сабақ алдық. Әсіресе, орыс тілі стилистикасы кафедрасын басқарған ұстазымыз Д.Розентальдің «Правда» газетіндегі қателерді қызыл қаламмен тексеріп, шимайлауының сырын да кейін ұқтық. Сонау 1985 жылы Алтынбек екеуміздің де дипломдық жұмысымыз экология тақырыбына арналды. Мұны кездейсоқ деуге келмес. Өйткені, Семей, Арал, Азғыр, Тайсойған, Сарышаған тағдыры, ірі-ірі өндіріс ошақтарының ғылыми негізсіз, ойластырылмай салынуы, жалпы республикамыздағы жерді, өзен-суды пайдаланудағы өрескелдіктер анда-санда орталық баспасөзде ғана жазылатын. Мысалы, Семей полигонындағы 468 ядролық жарылыстан бөлек Совет одағы кезінде Қазақстанның 27 жерінде 38-ден астам сынақ өткені көпшілікке 1990 жылы ғана мәлім болды. Цензураның күші

жойқын еді. Сондықтан экологияға қатысты көп проблема жабық күйінде қалатын. Ал қоғамның, жұртшылықтың даусы мүлде естілмейтін, тұншалап-түншықтыру кейін де жалғаса берді. Экология мәселесіне алғаш рет ғылыми жұмыс арнаған студенттер қатарында болуымыз – әділетсіздікке үн қату еді. Қазірге дейін осы өзекті тақырыптан шет қалмауға тырысып келеміз. Жас маман ретінде жолдамамен Алматыға келгенімізде, ҚазТАГ-тың күнделікті жұмысын тез еңсеріп тастап, қосымша табыс табу үшін басқа басылымдарға жаза бастадық. Сол кезеңде ашылған «Арай-Заря» журналының соны форматта жана мазмұнмен шығуына атсалыстық. Бұрындары жазыла бермейтін вандализмнің тек-тамырына үніліп, балалар колониясындағы былықтарды әшкерелеп бірге жазған материалымыз қоғамды әжептәуір әбігерге салғаны бар. Тіпті, қалалық комсомол комитеті



мәселені арнайы талқылауға мәжбүр болды. 1986 жылы Желтоқсан көтерілісінен кейін билік жастардың үніне құлақ аса бастады. Студент-жастар сарыла күтетін «Өркен– Горизонт» газетінің дәуірі сол кезде басталған еді. Әсіресе, Алтынбек бас редактор болған тұста таралымы жөнінен ресми газеттермен тайталанып денгейге жетті. Шын мәнінде, советтік цензураның шеңберін бұзып-жарған бұл басылым көпке танылды. Батыл да талантты журналистерді топтастырған газетте бас редактор Алтынбек Сәрсенбайұлының журналистік қолтаңбасы ғана емес, өмірлік қағидаты да айқындалды. Ислам құндылықтарында «Әлемге туған жарық күн күндіз болса түнде жоқ, қара жердің үстінде қозғалмайтын ірге жоқ» деген даналық бар. Совет одағының күйреуі жана тұрпатты мемлекетшіл азаматтарға деген сұранымды еселендірді. Сонымен бірге осы үдеріс Алтынбектің үлкен саясат сахнасына шығуын тездетіп, табандылығына, шынайы шығармашылығына жол ашты. Оның мемлекет және қоғам қайраткері ретіндегі жолы, шешуші сәттерде қайраты мен ақылын қатар ұстаған бастамашылдығы, озық ойлы саяси білігін танытқан тұстары шағын мақалаға емес, арнайы зерттеу еңбегіне жүк болғандай. Алтынбек Сәрсенбайұлының 2004

жылы 10 желтоқсандағы мына сұхбатындағы ойы дәл қазіргі кезең үшін де, болашақ үшін де маңызын жоймақ емес: «Қазір билікке де, оппозицияға да саяси ойынды ойнауды доғаратын кез келді. Себебі, қазір біз жекелеген саясаткерлердің кеудемсоқтығынан емес, 15 миллион халық тұратын мемлекеттің тағдырымен бетпе-бет келіп отырмыз. Ешкімнің тактикалық міндеттерді жүзеге асыру үшін ғана халықтың тағдырын, олардың балалары мен немерелерінің кемел келешегін қыл үстіне қоюға қақысы жоқ. Қанша дегенмен, тәуелсіздіктің 13 жылдығы жай нәрсе емес, үлкен бір тарихи белес. Енді өз әрекеттерімізге байыппен көз жүгіртіп, жауапты шешім қабылдайтын кез келді». Тірі болса, құрдасымыз биыл 60 жасқа толар еді. Алтекенді жоқтау – есе жіберген ұлтымыздың парасатты ұлын, есті перзентін жоқтаумен бірдей. Оның қайғылы қазасы, тіпті сол «түн қатып жүріп, түс қашпай,

тебінгі теріс тағынбай, темірқазық жастанбай, ку толағай бастанбай» деп жүрген кезені әлі талай байыппалады, зерделенеді, талай ұрпақты толғандырады. Студент күнінен бастап қалыптасқан қайраткер шағына дейін біз білетін ақиқат: ол елін, ұлтын шексіз сүйді, әділдік пен парасатты, шындық пен қағидатты бәрінен жоғары қойды.

Халқымыз арда азаматтың мемлекетшілдігін, тәуелсіз елді құруда төккен тері мен сінірген еңбегін де ұмытпақ емес. Әлемге әйгілі Әмір Темір: «Мемлекет дін қағидаларының негізінде құрылмаса, түзік жораға бағынбаса, салтанатты құдыреті мен тәртібін жоғалтады. Мұндай мемлекеттің салтанаты, бәлкім, жалаңаш адамға ұқсап, оны көргендер көзін алып қашады. Ол есік-тесігі жоқ үйге айналады» деген екен.

Елдің тұтастығын, мемлекеттің билік пен билік салтанатын сақтап қалу үшін ең басты міндет – алғаш түзік жора қалыптастыру, бұдан кейін ұрпақ бойында соны ментеріп, жүзеге асыратын сана-сезім орнықтыру.

Мәскеу мемлекеттік университеті журналистика факультетінің түлегі, көрнекті қайраткер, абадан азамат, асыл дос Алтынбек армандаған асудың бірі де осы еді.

Дархан МЫНБАЙ

**БҮГІНГІ
ТАҒЫРҒА**

Қилыбай кеңес заманында ат үстінде болды. Белді қызметтерді атқарып, ауданнан әріге де барып, облыста да дүрілдеп тұрды.

Кенес үкіметі құлап, «тұрымтай тұсымен» болғанда Қилекен шыққан «шыңынан» құдилап кеп кіндік қаны тамған жерін паналап, көпті көргендігінің арқасында оң-солын білмей дағдарған ел-жұртының тізгінін қолына алып қожалық еткеніне де біраз болған.

Пәлекет, ұжымдастыра да білді, істі ілгері жылжыта да білді... Негізі, қара басының қамын қамту жағынан алдына жан салмады.

Қарсы келгенді қағып тастайды. Артынан келгенді теуіп, алдына шыққанды тістеп, жалына жан жұтыппады десе де болады.

«Әлкиссамды» қысқартып, айтарыма көшейін.

Қилыбайға кім-кімнің де қыжылы бар, атарға оғы жок, іштен тынып тымсырайғандар біраз.

Солар қауқылдаса келіп, маған: «Бірден-бір айтар адам сізсіз. Сіз айтпағанда кім айтады! Сізді де талай тақырға отырғызғанын білеміз» деп тақымдап болмаған соң, өзімнің де іштегі қыжылым оянып, олардың ұсынысын қабыл алдым.

Сөзімді «Аузы қисық болса да бай баласы сөйлесін» деген мақал бар деп бастап, «Әй, Қилыбай, бері қара, біздің де айтарымыз бар!» деп алып, шешінген судан тайынбас, әйда кеп ит терісін басына қаптайын деп түйідім. Алдымен өз басыма көрсеткен қорлығын тізімдеп келіп, көпке ортақ қазынаны талан-тараж еткенін жайып салайын. «Иттен ұят кетсе, қазаннан қақпақ кетеді» деп алып, білетін «майлы шелпектерін» шертіп, көзіне көк шыбын үймелетейін. «Байлыққа белінді бекем буынып, көзінді шел басты» деп тікесінен қайырып, «Дәлел ме?!. Дәлел керек болса...» деп алып, қаладағы зәулім сарайын, баласы тұрмақ, кеше дүниеге келген немересінің атындағы үй-жайды... қос-қостан

қаңтарылған көлік... бәр-бәрін тізіп шығып, сөзімді: «Өзін оңбадың! Адамгершіліктен жұрдай болдың! Үлкенді үлкен, кішіні кіші демедін. Аттылыға жол, ауыздыға сөз бермедін. Кедей-кепшікке құлақ аспадың. Астамшылығың алты қап, алапестігің атан түйеге жүк. Байқа, Қилыбай! Мұндайда көпшілік: «Көрінде өкіргір» деп қияс кетеді»

...Содан, ажал аяқ асты...

«Апаттан жол үстінде Қилыбай қаза тауыпты» деген суық хабар жетті.

...Қайтейік, ажалға амал бар ма, Қилыбайды шығарып салудың қазасында тұрмыз. Сауап үшін сапка тұрғандар бірен-саран ғана...

Ауыл молдасы:
— Жамағат, қалың көпшілік, алпыстан асқан шағында бұл

ЖЕТІМ СӨЗ



деп төтесінен тартып бір-ақ тоқтайын дедім.

— Жегенін желкесінен шығару керек! Айғақтаймыз, тайға таңба баскандай тайқып кете алмайды, — деп жатыр келгендердің бірі.

— Қарызы шаш етектен.

Ортадағы берешегі бел асып кетсе, бір менін бес жүз мыңмды бермегелі бес жылдын жүзі болды.

— Үйіп-төккен уәдесі үйме!

Қаладағы қызыма үй алып беремін деп алашағын алып әдірем қаптырғаны бар мені!

— Менің де баламды бастық етемін деген пәтуасы желге ұшқалы қашан.

— Қала маңынан жер алып беремін деген сөзіне сеніп, бар аша тұяғымды алдына салып берген өзіме обал жоқ!

...Ойпыр-ай, «Естімеген ел де көп» деген, келгендер осы мәндегі «есепті» сөздерін ағыл-тегіл айтып, алдыдағы жиылыста менің «алғыр» сөз бастауымды өтініп, ретімен өздері де іреп-соятындарына келісіп барып тарқады.

дүниеден татар дәмі таусылып, Қилыбай көкеміз бақилық болып барады. Сұрарым, ол қандай адам еді? — деп еді, жым-жылас, үнсіздік...

Молдекен жанағы сұрағына екпін тастай тағы да үш рет қайталап, төңірегіне төңкеріле қарап еді:

— Жаксы адам... — деген сөз жарықшактанып естілген болды.

— Тірісінде пендешілікпен бере алмаған қарызы бар ма марқұмның? — деп жатыр молда.

...Үнсіздік...

Молдекене де керегі сол, өзі өз болғалы бірінші рет іле-шала айтылатын «Қарызын өтейсіздер ме?» деген сөзді айтпаған күйі «мүрдені алып жүріндер» деп ишарат жасады...

Менің миымды өткендегі Қилыбай туралы «жетім» сөздер өңмендеп алғандікі ме, басым сыздап, көзім қарауыттып талықсып құлаппын...

Берік САДЫР,
Нұр-Сұлтан

Бешбармак

МЫСАЛ: Еріккеннен бешбармак жеп жүрген жоқ кой адам.

Қазақтың кәделі ұлттын тағамы етті «бешбармак» деп атау — өрескел қате. «Бешбармак» (*бешбармачить*) атауының астарында ұлттық тағамға құрметтен гөрі, сырт көз сыны, жағымсыз мағына (*бес саусағын салып жеу*) басым. Сондықтан сырттан танылған сөзді емес, халықтың өз атауын қолданған дұрыс.

ДҰРЫСЫ: ет жеу, ет асу.

Биікті бағындыру

МЫСАЛ: Жас спортшылар биікті бағындырды.

Қазақ ұғымында биікке көтеріледі, шыңға шығады.

Болады ма?

МЫСАЛ: Қазақстанда вакцина егу міндетті әрі мәжбүрлі болады ма?

Қалыптасқан нормадан ауытқу бар. Қазақ грамматикасында *-а, -е, -й* жұрнақты көсемшесі арқылы жасалған ауыспалы шақтағы етістікке *ма, ме* сұраулық демеулігі тіркескенде *-ды, -ді* жактық көрсеткіштерін түсіріп айту, жазу нормаға айналған.

ДҰРЫСЫ: ... бола ма?

Болжануда

МЫСАЛ: Күз жылы болады деп болжануда.

«Болжануда» — орыс тіліндегі *«прогнозируется»* етістігін мағыналық жағынан да, құрылымдық жағынан да дәлме-дәл аударып, калька жасауға ұмтылудан пайда болған сөз.

ДҰРЫСЫ: ...*болады деп болжанып отыр.*



Жауын, қарсыласын бағындырады. Калька тіркес — орыс тіліндегі «покорил» (*покорил высоту, покорил пик*) етістігін тікелей аударудың салдары.

ДҰРЫСЫ: биікке жетті, асудан асты тіркестерін қолданған орынды.

Бойдак қыз

МЫСАЛ: Жұмыс біткен соң бойдак қыздар болып жиналып, у-шу әңгіме.

«Бойдак» сөзі үйленбеген, басы бос жігітке қатысты қолданылады: *бойдақ әсігіт, сур бойдақ*. Қыз бала туралы айтқанда бұл сөз қолданылмайды.

ДҰРЫСЫ: *тұрмысқа шықпаған, тұрмыс құрмаған.*

«СӨЗТҮЗЕР».

Қате қолданыстар сөздігінен

**«JAS QAZAQ»
ТАЛЕНДЕРІ**

Ақмола облысына қарасты Зеренді ауданындағы энтомологиялық музейде әлемде сирек кездесетін көбелектердің түр-түрі сақталған.

Табиғаттың осынау ерекше жаратылысын өмір бойы зерттеп, дүниенің төрт бұрышын шарлап жүріп жинаған - атбасарлық азамат, танымал хореограф Ортвин Шлоссер. 2017 жылы денсаулығы сыр берген соң, Зерендідегі жекеменшік шаңғы спорт кешенінің директоры Валерий Шаров оның көбелектер коллекциясын сатып алады да музей ашады. Бұл музейге жылына 10 мың адам бас сұғады.



Көбелектер әлемі



Бас редактор — директор Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі Тілшілер мен қызметкерлер: Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim	Аймақтағы меншікті тілшілер: Мерген ТОҚСАНБАЙ— Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 701 312 39 34) Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82) Нұргүл НАСЫР — Атырау облысы (8 702 959 80 08) Мөлдір КЕНЖЕБАЙ — Шымкент қаласы (8 776 238 55 94) Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Мақпал НОҒАЙБАЕВА	Меншік иесі: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-қабат (<i>Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы</i>) Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі) Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54. Тапсырыс — №1090; Бағасы келісім бойынша Таралымы – 5000 дана <i>Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana» әуежолының ұшақтарында бар.</i> <i>Jas qazaq газеті «Караан», «Хорошие новости плюс» және KOK TENGRI дүңгіршіктерінде сатылады</i> Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген. 2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 куәлігін алды. Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
--	---	--	---